

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Білім беру ұйымдары мұражайларында  
білім алушылардың зерттеу қызметі**

Әдістемелік ұсынымдар

**Исследовательская деятельность обучающихся  
в музеях организаций образования**

Методические рекомендации

**Астана, 2016**

«Білім беру ұйымдары мұражайларында білім алушылардың зерттеу қызметі» (әдістемелік ұсынымдары) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана қаласы, 2016 жыл – 137 бет.

Методические рекомендации «Исследовательская деятельность обучающихся в музеях организаций образования» – «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования – г. Астана, 2016 – 137 стр.

«Білім беру ұйымдары мұражайларында білім алушылардың зерттеу қызметі» әдістемелік ұсынымдарында білім алушылардың өзіндік танымдық қызмет саласындағы құзыреттілігін қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымын және патриот азаматты тәрбиелеуге бағытталған зерттеу қызметінің рөлі ұсынылған.

Педагогтерге мұражай педагогикасы арқылы оқу пәндерін оқытуда зерттеу компоненттерін қолдану, мұражай педагогикасы негізінде оқыту қызметінің жобалау әдістері ұсынылды.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлерге және ата-аналарға ұсынылады.

В методических рекомендациях «Исследовательская деятельность обучающихся в музеях организаций образования» представлена роль исследовательской деятельности обучающихся, направленной на формирование компетентностей в сфере самостоятельной познавательной деятельности, активной жизненной позиции и воспитание гражданина-патриота.

Педагогам рекомендованы методы проектирования собственной обучающей деятельности на основе музейной педагогики, использования исследовательских компонентов в преподавании учебных предметов через музейную педагогику.

Методические рекомендации адресованы руководителям, методистам, педагогам организаций образования и родителям.

*ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады  
(2016 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттама)*

*Рекомендовано Учебно-методическим советом  
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» (протокол от 5 мая 2016 года №2)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016  
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016*

## Мазмұны

Кіріспе	5
1. Білім беру ұйымдары мұражайларында білім алушылардың зерттеу қызметін ұйымдастырудың жалпы мәселелері	8
2. Мұражайлар - балалардың шығармашылығын дамытудың инновациялық алаңы	11
2.1. Білім беру ұйымдары мұражайының мақсаты, міндеттері мен бағыттары	24
2.2. Білім беру ұйымдарының мұражайларындағы зерттеу қызметінің қағидаттары	26
3. Білім алушылардың білім беру ұйымдарының мұражайларында ғылыми зерттеулер жүргізуінің негізгі кезеңдері	32
3.1. Мұражай қорларын ғылыми тұрғыдан жинақтау жұмысын ұйымдастыру	35
3.2. Мұражай жинағының құрамына мұражайлық маңызы бар заттарды іріктеудің жалпы әдістемесі	39
3.3. Мұражай заттары мен мұражай жинақтарын зерделеу	40
4. Білім беру ұйымы мұражайының әлеуетті мүмкіндіктері және оның білім беру-тәрбиелеу әсерінің ерекшелігі	42
4.1. Мұражайдың оқу-әдістемелік процеске кірігуі	50
4.2. Мұражайлардағы өлкетану жұмысы	51
Глоссарий	58
Қолданылған әдебиеттер тізімі	70

## Содержание

Введение	73
1. Общие вопросы организации исследовательской деятельности обучающихся в музеях организаций образования	76
2. Музеи как инновационные площадки развития творческой деятельности детей	79
2.1. Цель, задачи и направления музея организации образования	91
2.2. Принципы исследовательской деятельности в музеях организаций образования	93
3. Основные этапы проведения обучающимися научного исследования в музеях организаций образования	99
3.1. Организация работы по научному комплектованию музейных фондов	102
3.2. Общая методика отбора предметов музейного значения в состав музейного собрания	105
3.3. Изучение музейных предметов и музейных коллекций	106
4. Потенциальные возможности и специфика образовательно-воспитательного воздействия музея организаций образования	109
4.1. Интеграция музея в учебно-воспитательный процесс	115
4.2. Краеведческая работа в музеях	117
Глоссарий	123
Список использованных источников	135

*«Егемендікке ие болған еліміздің мәдени өмірінде мұражайдың алар орны ерекше. Оқигаларға бай тарихымызды тереңнен зерделеу және өмір тәжірибесінен қажетті сабақ алу – қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастырудың, Отанымыздың лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...»*

**Н. Назарбаев**

## **Кіріспе**

Қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер жеке тұлғаның өзіндік дамуына, шығармашылық бастамашылық етуіне, ақпарат өрісінде дербес жаңалықтарды жетілдіруіне, балалардың өзін өзі дамытуы үшін алдына дербес міндеттер қоя білуі мен оларды шеше білуін қалыптастыруға бағытталған жаңа білім беру тәсілдерін, педагогикалық технологияларды дамытуды қажет етеді, бұл олардың жеке, сол сияқты ұжымдық шығармашылығына, алдын ала кәсіптік бағдарлануына ықпал етеді. Зерттеу құзыреті сияқты негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру қосымша білім берудің жана мазмұнының нәтижелерінің біріне айналуы тиіс.

Білім беру ұйымдарының мұражайларындағы зерттеу қызметі білім алушылардың әдіснамалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқу-зерттеу қызметінің мақсаттарын меңгеру, міндеттер қоя білу және оларды шеше білу қабілеті, бұл шабыттану, ойдың икемділігі, қайшылықтарға шыдамдылық, сыншылдық, жеке пікірінің болуы сияқты жаңа қасиеттер, басқа адамдармен, қоршаған әлем объектілерімен өзара әрекеттесу қажеттілігіне, ақпараттар қабылдауға, топта және ұжымда түрлі әлеуметтік рөлдерді орындау қажеттілігіне негізделген коммуникативтік қасиеттер.

Танымдық қызметті ұйымдастыру үшін қажетті білімдер мен біліктер болашақта балалардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың негізіне айналмақ.

**Мақсат:** білім алушылардың өмір сүруге және қоғамдағы өз орнын табуға қабілетті де құзыретті жеке тұлға болып қалыптасуын айқындайтын зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерді, танымдық қызығушылықтарды дамыту.

Білім алушылардың білім беру ұйымдарының мұражайларындағы зерттеу қызметі мына **міндеттерді** айқындайтын және шешуге мүмкіндік беретін, қазіргі уақытта өзекті құзыреттілікті, жеке бағдарланған тәсілдерді іске асыруға мүмкіндік береді:

зерттеу қызметінің нысанасы мен құрылымы туралы білім алу;

зерттеу, нәтижелерді өңдеу және оларды таныстыру үшін қажетті ақпаратты іздеудің тәсілдері туралы білім алу;

зерттеу қызметінің: оқу-танымдық, ақпараттық-коммуникативтік, бағалау-талдау және т.б. әдістерін меңгеру;

негізгі құзыреттіліктерді игеру: ғылыми-танымдық, құндылықты-мағыналық, ақпараттық, коммуникативтік;

мұражайдың білім беру кеңістігі шеңберінде зерттеу қызметі жүйесін әзірлеу;

ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметке бейім балалармен жұмыстың тұтас жүйесін құру;

зерттеу қызметінің басым бағыттарын айқындау мақсатында білім алушылардың білім алуғағы сұранысын анықтау;

балалардың қабілеттерін дамыту және іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

зерттеу жобаларын жүзеге асыруға ұсынымдар әзірлеу;

жұмыстарды бағалау өлшемшарттары, сыйлықақы беру және жеңімпаздарды марапаттау жүйесін әзірлеу;

шығармашылық және ғылыми-зерттеу қызметіне бейім балалармен жұмыс істеу үшін педагогикалық кадрлар даярлау.

Білім алушылардың білім беру ұйымдарының мұражайларындағы зерттеу қызметі мына **қағидаттарға** негізделеді:

*интегралды* – балалардың зерттеу қызметінің біріктірілуі және өзара қосылуы, мұнда зерттеу және шығармашылық жұмыстарды орындау кезінде алынған тәжірибе мен біліктер практикада пайдаланылады және ынтаны арттыруға әрі психологиялық аяны дамытуға жәрдемдеседі;

*үздіксіздік* – әртүрлі жастағы білім алушылар мен ғылыми жетекшілердің шығармашылық бірлестігінде ұзақ мерзімді кәсіби бағдарланған білім беру мен тәрбиелеу процесі;

*көп бағдарлы оқыту* – проблемаға терең ден қою зерттеу нысанасын терең жүйеленген түрде білуді, әртүрлі салаларда кең эрудицияның болуын, зерттеу еңбегіндегі дағдыларды қалыптастыруды болжамдайды.

Мұражайдың инновациялық қызметінің нысаналы бағдары білім алушылардың жеке таңдауы жағдайында сапалы нәтижелерге қол жеткізуге арналған ғылыми, материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық алғышарттар жасауға бағытталған.

Осы негізде қызметтің мынадай **бағыттары** туындайды:

білім алушылар үшін жеке даралық маңызы бар, әрекет ету логикасы арқылы білім беру процесін құру есебінен ынтаны арттыру;

тәрбиелеудің, оқыту мен дамытудың басым міндеттерін қамтитын білім беру ұйымдарының мұражайларындағы балалардың

зерттеу қызметі процесінде педагогтердің, қызметкерлердің, білім алушылардың және ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

балалардың ғылымның әртүрлі салаларындағы шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және барынша дарынды балаларды анықтау;

ғылыми-зерттеу тақырыбын әзірлеуге жүйелі көзқарас арқылы білім алушының негізгі физиологиялық-психикалық функцияларын теңгерімді түрде дамыту;

білім алушылардың негізгі құзыреттерін әртүрлі жағдаяттарда әмбебап пайдалану арқылы тереңінен саналы түрде меңгеру;

білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру;

коммуникативтік біліктерді меңгеру;

балалардың шығармашылық еңбегін, ғылыми әдебиетпен дербес жұмыс істеу білігін қалыптастыру;

балаларда әдістемелік талдау және зерттеу тақырыбын бағалау дағдыларын қалыптастыру;

балалардың өзін өзі айқындауы мен өзін өзі дамытуы үшін жағдайлар жасау.

## **1. Білім беру ұйымдары мұражайларында білім алушылардың зерттеу қызметін ұйымдастырудың жалпы мәселелері**

Ғылыми-зерттеу жұмысы мұражай қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мұражайлардың ғылыммен көпжақты байланысы оның полифункционалдылығымен айқындалады. Ғылыми-зерттеу қызметі ұйымның бейінін ғана емес, сонымен қатар оның әрекет ету саласы қозғалатын жалпы теориялық зерттеулерін де көрсете отырып, кешенді сипатқа ие болады. Мұражайда білім алушылардың ынтасын арттыру жолдарының бірі оларды зерттеу қызметіне тарту болып табылады.

Зерттеу қызметінің негізгі міндеті пәндік білімдерді практикада қолдануға – білім беру ұйымының мұражайында ғылыми жұмыстың бағыттарын зерделеуге, тарихи дамудың қазіргі кезеңіндегі ерекшелігін анықтауға, өз жұмысының негізгі бағыттарының қатарында осы жұмыстың маңызы туралы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Оқыту барысында бала практикалық қызметте пайдалану үшін ғылыми жұмыстың түрлі қырлары туралы білімдерге ие болуы тиіс. Маңыздысы мұражайдың ғылыми жұмысының әртүрлі ұйымдардың өлкетанушылық зерттеулерімен байланысын анықтау; нақты мұражайлардағы ғылыми-зерттеу жұмысының ерекшеліктері мен дербестігі туралы білімдерді игеру болып табылады.

Ғылыми зерттеулер жүргізудің нәтижесінде білім алушы:  
ғылымдар мен ғылыми зерттеулердің жіктемесін;  
зерделенетін саланың қазіргі бағыттары мен проблемаларын;  
мәдени және табиғи мұра объектілерін;  
ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың, басқарудың теориялық негіздерін білуі;  
ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық мақсаттар мен міндеттерді қалыптастыра;  
ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық проблемаларды зерделей;  
ақпаратқа өз бетінше іздеу жүргізе;  
сәйкес тақырып бойынша ғылыми еңбектермен өз бетінше жұмыс істей;  
процестерді, мәдени және табиғи мұра объектілерін талдай;  
зерттеудің қазіргі әдістерін пайдалана;  
заманауи ғылыми-ақпараттық және білім беру технологияларын қолдана отырып, ғылыми-теориялық және



қолданбалы міндеттерді шешу кезінде зерттеулерді өз бетінше орындай;

ғылыми-зерттеу процесі кезеңдерінің мониторингін жүргізе;  
пайдаланылатын ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық әдістердің тиімділігін бағалай;

ғылыми қызметтен алынған нәтижелерді талдай;  
қорытындылар мен тұжырымдамалар жасай **білуі**;  
ғылыми танымның қазіргі заманғы әдіснамасының негіздерін;  
рефераттар, мақалалар, шолулар және т.б. құрастыру дағдыларын **меңгерген болуы тиіс**.

Зерттеу процесінде оқушыға мұражайдың ғылыми қызметінің түрлерін талдау қажет. Практикалық бөлікте, мұражайдың ғылыми-зерттеу қызметінің түрлі аспектілеріне арналған жалпы жұмыстарға сүйене отырып, оқушы зерттеу жұмысын өз бетінше орындай білуі тиіс. Ол зерделенетін объектінің немесе процестің ерекшеліктерін анықтаумен мұражайдың функционалдық қызметінің талдауына негізделеді. Зерттеу жұмысы жасөспірімді жеке, сол сияқты ұжымдық шығармашылыққа итермелейді; олардың алдын ала кәсіптік бағдарлануына ықпал етеді. Зерттеу жұмыстарында жасөспірімдердің кез келген қабілеті дерлік сұранысқа ие, танымдық қызметтің әртүрлі түрлері үйлеседі.

Қазіргі зерттеушілер баланы қоршаған әлемді жекелеген заттар мен құбылыстарға бөлетін мектеп пәндеріне қарағанда, мұражайдың мәні ерекше қоғам құру екенін, ал оның басты функциясы адамның ішкі жан дүниесін қалыптастыру болып табылатынын атап көрсетеді.

Бұл процесс мына кезеңдерден тұрады:

сақтау және зерделеу үшін бұрынғы объектілерді іріктеу;  
экспериментті, оқу-зерттеушілік мұражай қызметінің барысында реконструкциялау, ревитализациялау;  
қазіргі заманғы мәдениет пен ғылымға трансляция;  
жаңа мәдениетті генерациялау.

Мұражай-педагогикалық жұмысының әдіснамасы өнертанушы әрі әйгілі педагог А.В. Бакушинскийдің еңбектерінде көрініс тапқан. Әуелі Цветаев мұражайының (қазір бұл А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік бейнелеу өнері мұражайы) сақтаушысы, кейіннен – Третьяков галереясының ғылыми қызметкері болып істеген А.В. Бакушинский жастарға эстетикалық тәрбие беру мәселелеріне көп көңіл бөлді. Ол мұражай жасөспірімге «өмірдің кез келген көркемдік безендірілуін айқын қабылдауға және бастан кешіруге» үйренуге көмектеседі деп санады.

Анатолий Васильевич Бакушинскийдің жұмыстарында тәрбие беруші мұражай кеңістігін ұйымдастыру қағидаты

қалыптастырылған, балалардың қабылдауының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне жауап береді және қазіргі балалар мұражайлары қызметінің негізі болып табылады. Мұражай экспозициясының образды құрылуы, сезімталдықпен қабылдауға және көңіл-күймен сезінуге сүйену, өткен кезеңдер мұрасын жете түсіну – Бакушинскийдің бұл идеялары ХХ ғасырдың бірінші онжылдықтарында жаңалық болды және ХХІ ғасырдың басында да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Бакушинскийдің мұражайдағы көрерменнің бей-жай көзқарасына жол бермеу туралы тұжырымдары балалар мұражайы қызметін ұйымдастыру үшін өте маңызды. Ол өзі өмірден өткеннен кейін Германияда ғылым ретінде қалыптасқан және ресімделген мұражай педагогикасының әйгілі теорияшысы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар практик те болды. Мұражайда шоғырландырылған заттар әлемі, Бакушинскийдің пайымдауынша, балаға «материалдарды, олардың қасиеттерін білуді: тығыздығы, салмағы, қарсыласу күшін, тепе-теңдік, көлемдер, үстіңгі беттері, түсінің қатынасын үйретіп қана қоймайды, сондай-ақ «жасалған зат түрінде элементтердің жаңа комбинациясын құрудың шығармашылық актісі» барысында осы білімдерді шығармашылық тұрғыда қайта өңдеуге жәрдемдесуге үйретеді. Бакушинский мұражайға келушінің шығармашылық белсенділігін дамыту әдістемесін мұқият әзірледі, ол жас экскурсанттар үшін «жас ерекшелігі романтикасын» ескеретін, «күрделі психологиялық күйзелістер ағынын» сыртқа шығаратын дербес шығармашылық тапсырмалар кешенін қамтыды. Шығармашылық тапсырмалар балалардың мұражайдан алған әсерінің негізінде олардың ашылуына және өзіндік шығармаларын тузығуына алып келді.

Адам мәдениетінің бірегей туындысы ретінде балалар мұражайы үшін онда білім беру-тәрбиелеу ортасын құруға деген мәдениеттанушылық көзқарас идеялары маңызды. Қазіргі заманғы білім беру мұражайы функциясының зерттеушілік сипаты, болмыстың жаңа интеграциялық нысандарын дербес ұйымдастыру рөлін Ресей Академиясы Педагогикалық инновациялар институтының профессоры, мәскеулік мәдениеттану мектебінің өкілі Н.Б. Крылова да атап көрсетеді.

Н.Б. Крылова білім берудің мәдени парадигмасын қалыптастырды, оның негізгі идеясы «білім берудің баланың мәдени әрекетін (оның шығармашылығы мен мәдениеттегі болмысының барлық нысандарын) қамтамасыз етудің тиімді арналарының біріне айналған кезде ғана ерекше мәдени процесс ретінде іске асырылатыны» болып табылады. Бұл қағидат заманауи білім беру

институтының нұсқасы ретінде балалар мұражайына да толығымен қатысты. Н.Б. Крылова «жасөспірімдер мен жастардың субмәдениеті (барынша жоғары «іздену» әлеуетіне ие) ересектердің субмәдениетіне (белгілі бір мәдени нысанды тапқан және тек соны іске асырады) қарағанда белсенді және жасампаз» екенін атап көрсетеді. Сондықтан балалар мұражайы балалардың мәдени практикаларының барынша әртүрлілігін ұсынатын, жаңалықтар үшін қажетті өріс туғызатын болғандықтан, әрбір нақты баланың мәдениет тұрғысындағы міндеттеріне асқан шынайылықпен қарайды.

## **2. Мұражайлар - балалардың шығармашылығын дамытудың инновациялық алаңы**

Білім беру ұйымы мұражайының типіне жүз жылдық даму тарихы бар балалар мұражайы жақынырақ. Ол балалар аудиториясы мен отбасыға арналған, баланы дамытуға бағытталған және өз қызметін интерактивті әдістемелер негізінде жүргізеді. Интерактивті әдістемелер затпен тікелей өзара іс-қимылды, түйсіну арқылы қабылдау үшін қолжетімді материалдар қорын құруды, экскурсияны алмастыратын өзіндік жол сілтеушілерді («шығармашылық тапсырмалар», «белсенділік парақтары», «жұмыс дәптерлері») пайдалануды білдіреді. Балалар мұражайында мұражай материалын қабылдау процесін белсендендіруге, ал білім беруде – балаларды жобалар құруға тартуға баса назар аударылады.

Балалар мұражайлары өзінің интерактивтілігіне, іс-әрекеттің ұсынылатын түрлерінің өзгермелілігіне қарай білім беруді дамытудың инновациялық алаңы болып табылады. Білім беру ұйымы мұражайының өзіндік болмысы, ең алдымен, оның ерекше типті мұражай екендігімен айқындалады. Мұражай-педагогикалық процесінің бөлігі бола отырып, ол балалар аудиториясына арналған, айқын білім беру бағыты бар, өз жұмысын оқушыларды, балалар мен педагогтерді, балалар мен ата-аналарды, сондай-ақ басқа көмекшілер мен әріптестерді қызмет пен бірлескен шығармашылыққа белсенді түрде тартудың негізінде құрады.

Әлемде балалар мұражайларын ашу және дамыту тарихы жүз жылдан астам уақытты құрайды, сол кезден бері 1899 ж. Бруклинде (АҚШ) Алғашқы балалар мұражайы ашылды. Мектеп мұражайлары XIX ғасырдың ортасынан бастап дамыды. Олар бірқатар Еуропа мемлекеттерінде, Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Жапонияда ашылды. 1906 жылға қарай әлемде 79 мектеп мұражайы болды.

Білім беру ұйымдарымен байланысты мұражайларға шолу мектеп мұражайларына жүгінуді болжамдайды, олар, көбінесе, институттар, басқарылатын мұғалімдер қауымдастықтары бола отырып, мектепте білім берудің қандай да бір жаңалықтарын (мысалы, жаңа оқу керек-жарағын) насихаттауға ұмтылады. Мұндай мұражайлар ХІХ ғ. екінші жартысында пайда болды. 1898 ж. Люблянда Словения мектеп мұражайы, 1851 ж. – Штутгартта, 1854 ж. – Торонтода, 1857 ж. – Лондонда, 1864 ж. – Санкт-Петербургте, 1868 ж. – Вашингтонда, 1878 ж. – Токиода, 1883 ж. – Рио-де Жанейрода, 1888 ж. – Монтевидеода және Буэнос-Айресте, 1899 ж. – Нью-Йоркта ашылды.

ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Германия мектеп мұражайларының елі болып саналды, 1904 ж. олардың саны 33-ке жетті. 1970 жылдары мектептердің жаппай жабылуынан кейін және мұражайтану, педагогикалық бағдары бар бірқатар жаңа мектеп мұражайларының ашылуынан кейін пайда болған Германияның белсенді мектеп мұражайларының ең көне тәуелсіз институты 1978 жылы құрылған Фрисландиядағы Цетель-Боленбергерфельд мектеп мұражайы болып табылады.

Көбі 1970 жылдары пайда болған мектеп мұражайлары өз назарын өткен уақытты сағынуға емес, нақты мұражайтану жұмысына шоғырландыра отырып, білім беру тарихын ұсынады; жинақтаудан, зерделеуден және экспонаттаудан көне сынып бөлмелерінде өтетін нақты сабақтарымен педагогикалық қызметтің көптеп таралуына көшу. Мектептердің өздеріне, сол сияқты мектеп мұражайларына көбінесе білім беру тарихы туралы білгісі келетін оқушылар немесе бұрынғы оқушылар келеді.

ХІХ ғасырдың ортасында пайда бола бастаған мектеп мұражайлары мұғалімдер қауымдастығымен, оқытудың жаңа керек-жарақтарымен коммерциялық және жарнамалық таныстырулармен, заманауи білім берудің өзімен байланысты болды.

XXІ ғасырдың басына қарай Германияда білім беру тарихына арналған 100-ден астам әртүрлі мұражайлар мен экспозициялар жұмыс істеп тұрды. Одан басқа, Германия білім беру тарихын зерделеу саласында да жетекші орынды сақтап келе жатқанын атап өту керек, оны мұнда көбіне бірлескен күшпен әрекет ететін университеттер, жекелеген ғылыми қоғамдар мен институттар өткізеді. Мысалы, 1991 жылы өңірлік төрт ұйым мамандарды өзінің белсенділігімен тартатын, Отвайлердегі Саар жерінің мектеп мұражайын құрды.

1980-ші жылдардың басында Германияда Бергиш Гладбахта, Фридрихсхафенде және Ашахта үш мұражай ашылды. Екі мұражай -

Нюрнбергде және Ихенхаузенде Эрланген-Нюрнберг университетінің және профессор Макс Лидткенің тікелей қатысуымен құрылды, оның бастамашылық етуімен осы тақырыпқа қызығушылық танытатын мұражай танушылардың және басқа да зерттеушілердің бірқатар кездесулері өткізілді. Университеттер де Штайнхорст пен бірқатар басқа қалаларда мұражай ашу кезінде осындай рөл атқарды. 2010 жылы хат тарихына арналған көрме өткізумен өзінің жүзжылдығын атап өткен Дортмундтағы мұражай да қызықты. Көптеген мұражайлар өздерінің негізін қалаушылармен байланысын мойындайды, бірақ топтамалардың сабақтастығын бәрі бірдей растай бермейді.

Өзінің ұлттық мектеп мұражайлары дәстүрлерімен, олардың көптігімен, топтамалардың байлығымен және ұйымдастырушылық нысандарының әртүлілігімен мақтана алатын Германияда, Францияда бар немесе бертінгі уақытқа дейін Данияда болған орталық мектеп немесе педагогикалық мұражайға ұқсайтын мұражайлар жоқ. Дания мұражайы қаржылық пролемаларына байланысты 2008 жылы уақытша жабылды. Бұл мысалдан бүгінгі күнгі мұражай – қоршаған ортаның өзгерістеріне айрықша ден қоятын жүйе болып табылатынын жақсы байқауға болады.

Басқа Скандинавиялық мемлекеттерге қатысты халықаралық аренада аса белсенді, конференцияларға қатысушы Норвегия мектеп мұражайларын атауға болады. Финляндияның 20 мектеп мұражайы мен 60-тан астам швед мектеп мұражайлары мен топтамаларының халықаралық байланыстары да атап өтерлік.

Францияда орталық ұлттық мектеп мұражайы Руандағы Білім беру мұражайы болып табылады, Ұлттық педагогикалық зерттеулер институтының (INRP) құрылымдық бөлімшесі ретінде жұмыс істейді және 2011 жылдан бастап Педагогикалық құжаттамалық орталықтың бөлігі болып табылады. Мұражайдың ағаштан соғылған ғимараты қаланың бағзы бөлігінде орналасқан және тұрақты экспозициясы бар, сол сияқты уақытша көрмелері де бар. Мұражайдың қызметі тек экспозициялық жұмыспен ғана шектеліп қоймайды, сонымен қатар зерттеу жобаларының көпшілігі белсенді жариялануымен расталады. Бірқатар басқа мектеп мұражайлары басты назарды мектеп керек-жарақтарының өңірлік ерекшеліктеріне және сабақтар өткізуге шоғырландырады.

Трегарвандағы ауыл мектебі мұражайын атап өтуге болады, ол ауылдық жердегі мектепте білім берудің ерекшелігін көрсетеді және өзінің педагогикалық жобаларымен және көптеген жарияланымдарымен ерекшеленеді. Ипрадағы Муниципалды білім беру мұражайы – Бельгияның осыған ұқсас мұражайларының

ішіндегі ауқымдысы, ал Роттердам педагогикалық мұражайы голландтық мұражайлардың ішіндегі ерекшесі. Ирландияда білім беру тарихына арналған бірден-бір мұражай Дублин қ. Ирландия педагогикалық колледжінде ашылған Планкеттов ирландық білім беру мұражайы.

Мектеп мұражайлары уақытқа икемделіп отырады және өзінің мұражайлық сәйкестігін үнемі іздеу үстінде болады. Бұл этнографиялық бейіндегі жиынтықтар, зерттеу орталықтары немесе педагогикалық семинарлар, өткен балалық шақ сағынышын туғызатын орындар.

Еуропаның бірқатар мұражайларында да қайта ұйымдастырулар болды. 1984 жылы Лейпцигте ашылған мектеп мұражайы 2000 жылы «Мектеп мұражайы – мектеп тарихы бойынша шеберхана». Басты назар демократияландыру жағына көбірек шоғырландырылды, мектепте білім беру тарихын зерттеу және таныстыру белсенді түрде дами бастады.

Мұражайлардың мәртебесі, олардың ғылыми-зерттеу және баспа қызметінің барынша түрлі нысандарының үнемі өзгеріп отырғанын байқауға болады. Мұражайлар өз қызметінің спектрін кеңейтуге ұмтылатынын атап өту маңызды – мысалы, мектеп мұражайларының халықаралық симпозиумдарын өткізеді, олар белгілі бір инновацияларды практикаға енгізудің стимулына айналып жатады.

Мектеп тарихы бойынша мектеп мұражайлары мен топтамаларының халықаралық симпозиумдары 1984 жылдан бастап Австрияда өткізіле бастады. Оны өткізуге бастамашы болған Рудольф Лукшандерл (1927 - 1990 жж.) - Михельштеттендегі мектеп мұражайының негізін қалаушы. Олар Дебреценде (Венгрия) жалғасты және одан кейін Лидсада (Ұлыбритания, 1997 ж.), Бад-Леонфельденде (Австрия, 2001 ж.), Бергенде (Норвегия, 2007 ж.), Руанда (Франция, 2009 ж.), бірнеше рет Германияда (Росток, Гельдениц, Бременде 1995 ж., 1999 ж., 2003 ж.) сияқты бірқатар елдерде өткізілді. 2005 ж. Иттингенде (Швейцария) үш тілді симпозиум болып өтті. XXIV мектеп мұражайлары конференциясын Боцен тәуелсіз университеті өткізді, ол «Балалық шаққа саяхат: балалық шақты еске алу білім беру мен педагогика тарихының куәсі» тақырыбына арналды. Мектеп мұражайлары арасындағы ресми байланыстарды ұйымдастыру кезеңдерінің бірі ретінде Руанда 2009 жылы конференцияның қорытындысы бойынша Еуропалық ғылыми мүдделер одағы жанында жұмыс істейтін «EWIV/EEIG» Еуропада мектеп тарихы мұрасын сақтау» деген жаңа ұйым құрылды. Одан кейінгі конференциялар Оңтүстік Тиролда (2011 ж.) және Люблянда

(2013 ж.) өтті. Жарыссөздер мұражай педагогикалық-зерттеу қызметінің объектілері, субъектілері және рәсімдерінің әртүрлі проблемаларына арналды. Баяндамалардың айтарлықтай бөлігі 2003 жылдан бастап «Журнал для музеев и образования» («Zeitschrift für Museum und Bildung/ Journal for Museums and Education») тақырыбымен шыға бастаған «М&М» Берлин мұражайтану журналында жарияланды.

Табысты халықаралық симпозиумдар – жекелеген елдің немесе тұтас өңірдің шеңберінде әртүрлі мұражайлардың арасындағы ынтымақтастықтың жалғыз нысаны емес. Мәселен, Ұлыбританияда білім берумен байланысты проблематикаға арналған 15 мұражай бар, Мектеп мұражайлары тобы құрылған. Бұл мұражайлар кәсіби конференцияларға қатысады. Мысалы, Рединг мұражайындағы Викториаан сыныбы, 1990 ж. Лондонда ашылған Раггед мектеп мұражайы, Хитчиндегі Британ мектеп мұражайы мен Глазгодағы мұражай – сәулетші Макинтоштың жобасы бойынша салынған тамаша ғимаратта орналасқан, қаладағы 14 мұражайдың бірі. Бұл мұражай өзі орналасқан ғимараттың сәулетіне, білім берудің даму тарихына арналған қызықты экспозициясымен және интерьерімен, өздері өткізетін педагогикалық және зерттеушілік семинарларға қарай кеңінен танымал. Одан басқа, ол жергілікті мектептің тарихын сипаттайды. Глазгода мұражайдың экспозициялық қызметі орталық қалалық мұражаймен байланысты, ал білім беру тарихы бойынша зерттеулер – жергілікті университетпен байланысты. 1997 ж. мектеп мұражайларының жемісті симпозиумының ұйымдастырушысы болған Лидса университеті де жақсы танымал мұражай топтамасына ие.

Мектеп мұражайлары бір бірімен ынтымақтастық жасасуға тырысады, мәселен, Мюлебах-Амрисвилл немесе Берн мектеп мұражайларының арасында кең байланыс орнаған. Швейцарияда осы проблемаға және балалармен жұмыс істеуге арналған мұражайлар мен білім беру тарихымен байланысты бірнеше әйгілі институттар байланыста. Осыған ұқсас үрдістерді Испаниядан және Португалиядан байқауға болады. Әрбір екі жыл сайын мектеп мұражайларының халықаралық симпозиумдары өткізіліп тұрады, онда негізгі қатынасу тілі ағылшын тілі, неміс тілді елдердің мектеп мұражайлары да кейіннен өз конференцияларын өткізе бастады.

Иберий жартылай аралының қазіргі заманғы мұражайтану жобалары мен мектеп мұражайлары әртүрлі ұлттық, лингвистикалық және өңірлік қасиеттерімен сипатталады. Мектеп мұражайларын құрудың практикасы мұнда Лиссабонда және Мадридте ХІХ ғасырдың соңында басталған. Олар Азаматтық соғыс оқиғалары

салдарынан дамымай қалды, ал XX ғасырдың соңында Испаниядағы жағдайлардың демократиялануы, оның өңірлерінің автономияға ие болуы және жергілікті сәйкестікті сақтауға күш салу көріністерінің бірі ретінде қайта күшіне ене бастады. Кейбір мұражайлар басты назарды білім беру дәстүрлерінің этнологиялық аспектілеріне, кейбіреулері – жекелеген педагогикалық элементтерге шоғырландырады; біреулері муниципалды әкімшілікпен немесе қорлармен, біреулері – университеттермен немесе зерттеу ұжымдарымен байланысты.

Испания (SEPHE) мен Португалияда (RINMIE) мектеп мұрасын сақтау саласындағы ынтымақтастық, сондай-ақ испандық және португалдық мұражайлар арасындағы байланыс белсенді түрде дамуда. Испанияда білім беру проблемаларына арналған 36 мұражай, ал Португалияда – 5 мұражай бар. Сантьяго-де-Компостеладағы (Галисия) «MUPEGA» деп аталатын педагогикалық мұражайды атауға болады, ол мектеп мұражайларына арналған интернет жобасымен мақтана алады. Оңтүстік Америкамен тілдік және мәдени байланыстар осы өңірдің мұражайларымен ынтымақтасу есебінен олардың байланысын кеңейтуге ықпал етеді. Бұл өңірдің мұражайлары мен университеттері де мектепте білім беру тарихының проблемаларына арналған кәсіби кездесулерге үнемі қатысып отырады.

Грецияда білім беру тарихшылары осы елде соңғы жылдары құрылған мектеп мұражайларына қарағанда, халықаралық ғылыми байланыстарға белсендірек қосылған. Кейбір мұражайлар университеттермен тікелей байланыс жасайды. Мысалы, Патрастағы мұражай, Афиныдағы Патрас университетінің жанындағы педагогикалық мұражай, Комотинидегі Фракий педагогикалық мұражайы Педагогикалық ғылымдар қауымдастығымен байланысты, ал Криттағы мұражай – Нерокуростағы мектеп өміріне арналған мұражай жергілікті мұғалімдер мен интеллектуалдардың бастамасы бойынша ұйымдастырылған.

Италияда да мектепте білім беруді таныстыру мұражайына деген қызығушылық арта түсуде. Ол жекелеген оқу орындары мен муниципалитеттер қызметімен байланысты. Бозендегі мұражай да ерекше көңіл аудартады, ол Италияның әртүрлі елдердегі әріптестерімен басқа мұражайларының бәрінен бұрын ынтымақтаса бастады.

Ұлттық дидактика мұражайы 1925 ж. Флоренцияда ашылды және қазіргі кезде біртіндеп білім берудің дамуының нағыз ұлттық орталығына айнала отырып, қайта ұйымдастыру кезеңінен өтуде. Падудағы педагогикалық мұражай жергілікті университетпен



байланысты, ал 2003 ж. ашылған Туриндегі мұражай зерттеу орталығы мен кітапхананы қамтитын үлкен жобаның бөлігі болып табылады.

Екінші жағынан, Австрияның мектеп мұражайлары XIX ғ. дәстүрлерімен байланысты және университеттермен бірлесе әрекет етеді. Олар көбінесе мектепте білім берудің мәдени мұрасын сақтауға және оны туристік немесе педагогикалық қызмет контексіне енгізуге тырысатын кәсіпқойлар мен энтузиаст-әуесқойларды біріктіреді. Олардың ішіндегі бір мысал тіптен қызық – Төменгі Австрияның Мектеп мұражайынан Михельштеттен мектеп мұражайына айналған мұражай мен оның педагогикалық бағыттағы қызметі жыл сайын 10000-нан астам келушіні қабылдайды. Ірі топтама 1903 ж. ашылған Вена мектеп мұражайында сақталған. Клагенфурттағы мұражай Австрия педагогика тарихы қоғамының құрылымдық бөлімшесі ретінде ерекше орынға ие. Оның баспа қызметі өте белсенді және виртуалды шындық кеңістіктерін игереді. Алайда, Австрияда, сол сияқты Германияда да бір де бір орталық мектеп мұражайы жоқ. Бірқатар мұражайлар білім берудің өңірлік мұражайлары ретінде жұмыс істейді.

Венгрияның мектеп мұражайлары халықаралық мектеп мұражайлары қоғамдастығының бөлігі болып табылады. Брашов қаласында «Алғашқы румын мектебі» мұражайы жұмыс істейді және Корчта Ұлттық педагогикалық мұражай ашылды. Аталған мұражайлар өкілдері, елдің бірнеше шағын мұражайының қызметкерлері халықаралық кездесулерге қатысып, шетелдік әріптестерімен байланысын үзбейді.

Ғылыми байланыстар мен шетелдік мұражайлармен ынтымақтастыққа белсене қосылатын Балтика мектеп мұражайлары да халықаралық қоғамдастықта алар орны ерекше. Олардың арасында Таллин университеті жанындағы Эстония педагогикалық мұражай-мұрағаты мен Рига мектеп мұражайын атауға болады, оның аясында Балалар мен жасөспірімдер орталығы ашылған. 1922 жылы ашылған Каунастағы қызықты мұражай да танымал.

Шамамен XX ғ. басында мектеп мұражайлары бірқатар славян елдерінде де пайда бола бастады. 1898 ж. Словендік мектеп мұражайы Любляндағы император Франц Иосиф II-нің мерейтойы құрметіне ашылды. XIX ғасырдың соңына дейін бұл аумақтарда барлығы төрт мұражай болды, тағы бірнешеуі аралас халқы бар провинциялар орталықтарында болды. Мектеп мұражайы, сол сияқты оны құрған Мұғалімдер қауымдастығы одағы словен мұғалімдері Австрияның әртүрлі провинцияларындағы мектептерді, сондай-ақ Истрадағы хорват мұғалімдерін біріктірді. Бұл салада

басты назар заманауи оқу құрал-жабдықтары экспозициясына және осы феноменнің тарихи дамуына, мұғалімдердің ұлттық және мәдени дамуға қатысуына аударылған ХІХ ғ. соңындағы осындай тамаша дәстүрден бүгінгі күнге дейін педагогика бойынша бай кітапхана мен Мұғалімдер қауымдастығы одағының кейбір мұрағаттық материалдары сақталған. Саяси себептер мұражайлардың қаржылық қолдау алуын тоқтатуына ықпал етті және 1910 ол жабылды. Жекелеген мұғалімдер мен бірнеше мектеп әкімшіліктерінің күшімен ол 1938 ж. ғана қайта ашылды, бүгінгі күні – бұл Словенияның ұлттық педагогикалық мұражайы.

Бірқатар еуропалық елдерде мектеп педагогикалық мұражайлары білім беру тарихының ұлттық мұражайы мәртебесін иеленген. Сонымен бірге бұл мұражайлар мұражай жұмысының кең ауқымын: педагогикалық-зерттеу қызметін, каталогтар жариялауды, ғылыми конференциялар ұйымдастыруды, ғылыми және кәсіби басылымдарды басып шығаруды іске асыратын ұлттық және қалалық институттар. Кейбір жағдайларда, олардың дамуы 1990 жылдардың басындағы балкан оқиғаларының салдарынан уақытша тоқтатылды. Сөйте тұра, Загребтегі мұражай – Хорват мектеп мұражайы мен Белград қ. – Педагогикалық мұражай ХХІ ғ. заманауи тұрақты экспозициялар құра білді және өзінің зерттеу қызметін айтарлықтай кеңейтуде.

Болгариядағы Габрово қ. Ұлттық білім беру мұражайының және Словакиядағы Братислава қ. Білім беру және педагогика мұражайының табанды жұмысы мен халықаралық ынтымақтастыққа ұмтылысын байқауға болады. Словакияда ұлттық білім беру мұражайынан басқа Арнайы білім беру мұражайы, ал Чехияда Прагада үш бірдей мұражай, Угерски-Бродта және Пжеровта әйгілі педагог Ян Амос Каменскийдің атымен аталатын мұражайлар бар. Прагадағы Я.А. Каменский педагогикалық мұражайы Функциялары өте көп ұлттық мектеп мұражайы ретінде жұмыс істейді және Я.А. Каменскийдің мұрасын зерделейтін барлық зерттеушілер үшін біріктіруші орталықтың маңызды ролін орындайды. Мұнда ғалымның қызметіне арналған халықаралық ғылыми конференциялар өткізіліп тұрады.

Польшаның мектеп мұражайлары да бай дәстүрлерге ие. Өзінің баспа жұмысымен Вроцлав қ. мектеп мұражайы ерекшеленеді. Бүгінде Польшада мектеп мұражайлары деп, әдетте, мектептердегі мұражайлар түсініледі, Украинада да солай. Бұл ретте, Киевте қаладағы ең көне мұражайлардың бірі Украина педагогикалық мұражайы бар. Ол 1901 ж. ашылды. Мұнда Украинаның білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихы көрсетілген. Бүгінгі күні

мұражай Украинаның Педагогикалық ғылымдар академиясының бөлігі болып табылады және 1912 ж. Педагогикалық мұражай үшін арнайы салынған тарихи ғимаратта орналасқан.

Өзіндік болмысы бар орыс философы Н.Ф. Фёдоров өз еңбектерінде білім беру мен адам рухын тәрбиелеудегі мұражайлар рөліне баса назар аударған. Ол заманауи мұражайлар, негізінен, «ескі-құсқы жинақтаушы», «ата-баба мәдениетінің қалдығы» болып табылады деп санады, сонымен қатар «өтіп кеткен өмірден қалған заттар қоймасы ғана болмауға тиіс... тек бос әуесқойлықты қанағаттандыру үшін қызмет етпеуі керек... олар кез келген саналы қоғамның зерттеу орталығына айналуы тиіс» деді.

Фёдоров үшін мұражай – бұл әлеуметтік естелік институты, «ата-баба іс-әрекетін» сақтау тәсілі ғана емес, сонымен қатар жаңа ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудің ықпал ететін құралы да, себебі мұражай сананы, сезімді және іс-әрекетті біріктіруге жәрдемдеседі.

Николай Фёдорович Фёдоровтың идеялары мәдени-тарихи мұраны сақтау саласындағы заманауи үрдістердің негізін қалады, оған сәйкес сақтау – бұл затты тұрмыстағы ортасынан алу ғана емес, сондай-ақ тарихи мұра объектісін қазіргі заманғы мәдениет контекстіне енгізу, оған жаңа өмір беру. Шеберхана типімен ұйымдастырылған балалар мұражайы Н.Ф. Фёдоровтың идеяларына сәйкес келетін мәдени-тарихи мұраны сақтаудың педагогикалық басқару процесін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ресейде балалар аудиториясына арналған мамандандырылған мұражайлар ХХ ғ. алғашқы отыз жылы ішінде пайда болды. Ресейде бірқатар мұражайлар жекелеген мектептердің дәстүрлеріне арналды. Оларда Ұлы Отан соғысының оқиғаларына көп назар аударылады. Ресейдің кейбір мұражайлары мектептер мен педагогика туралы барынша кеңінен айтады, өз жұмысын балалар аудиториясына бағдарлай отырып жүргізеді, белгілі бір педагогикалық тұжырымдамалар ұсынады. Балалармен сабақ көне сынып бөлмелерінің интерьерінде жүргізілетін Санкт-Петербург Балалар тарихи мұражайының практикасы да өте қызықты. Білім беру мұражайларының әртүрлі типтерінің дәстүрлері мен қазіргі күйлері мәскеулік зерттеуші М. Ю. Юхневичтің монографиясында талданған. Ресейге Омбыда, Владивостокта, Санкт-Петербургте, Мәскеуге жақын Подольскіде орналасқан бес мұражайға өңірлік бөлімшелер ретінде жұмыс істейтін кәсіби білім беру мұражайларының 1980 жылдары дамуы тән. Мұражай қызметінен басқа, ресей жастарының арасында кәсіби білімді көпшілікке таратумен айналысады.

Қазіргі заманғы балалар мұражайлары балаларға көбіне дәстүрлі мектеп біліміне балама қосымша білім беру және тәрбиелеудің инновациялық алаңы ретінде пайда бола бастады. Санының аздығына қарамастан, балалар мұражайлары педагогтердің баланың мәдени өмірге енуінің жолдары мен тәсілдері туралы түсінігіне айтарлықтай әсер ете алады.

### **Иван Штайгердің ойыншықтар мұражайы (Чехия)**

Иван Штайгердің ойыншықтар мұражайы Прагада ғана емес, сонымен қатар Мюнхенде де жұмыс істейді. Штайгер мұражайы – бұл белгілі чех суретшісі әрі режиссер өмір бойы жинаған ойыншықтардың бірегей топтамасы. Штайгер ойыншықтарының тарихы - бұл адамзат дамуының тарихы: Ежелгі Египетте жасалған ойыншықтардан және үндістердің наннан жасалған ойыншықтарынан бұл халықтардың немен және қалай өмір сүргенін оңай тұжырымдауға болады.



### **Шарль Перро қорғаны (Франция)**

Шарль Перро қорған-мұражайы – балалары бар отбасылар үшін нағыз қазына. Ғимаратта және оның маңайында қонақтарды талшықтан жасалған 150-ден астам фигура қарсы алады. Жексенбі күндері және мектеп каникулдары уақытында ертегі кейіпкерлері тіріледі де, көрермендерге көріністер көрсетеді: Золушка өз туфлиін жоғалтып алады, Мальчик-с-Пальчик адам жегіштің қолына түсіп қалады, ал ұйқыдағы Сұлу қыз саусағына ұршық тығып алады. қорғаның асүйі де ерекше: онда Рождествоның мерекелік күтушісінің сахнасы ұйымдастырылған және «сиқыршылардың мерекелік дастарханы» жазылады. Балаларға арналған ауқымды саябақта балаларды жасыл лабиринт пен қазыналар іздеу күтіп тұрады.

### **Астрид Линдгрен мұражайы (Швеция)**

Әлемде ең мейірімді балалар мұражайы Швецияда - Астрид Линдгрен мұражайы. Мұражай бірнеше тақырыптық аймаққа бөлінген: ойын, «ғажайып ертегі», дәмхана және кітап дүкені. Ойын алаңында әртүрлі швед ертегілері кейіпкерлерінің үйлері тұр, олардың арасында Петсон мен Финдустың үйі, Карлсонның шатыры, Ұзын шұлықты Пеппидің үйі де бар. Барлық үйлерде — нағыз кішкентай ыдыстар, шағын жиһаз, кішкентай киімдер шашылып жатыр: барлығына жақындап, қолмен ұстап көруге, ойнауға болады.

Осы кеңістікте күн сайын әртүрлі қойылымдар өтеді. Бірақ ең кереметі — ол Астрид Линдгреннің барлық ертегілері арқылы рельспен, кейде әуемен жүргізуі. Бұл Линдгреннің барлық шығармалары кейіпкерлерінің өміріне саяхат жасау.

### **Муми-троллей жазығы (Финляндия)**

«Муми-троллей долиναςы» мұражайы жартылай қараңғы үй-жайда кітапхананың жерасты қабатында Тамперде орналасқан. Онда муми-тролльдар туралы тарихқа, сондай-ақ Льюис Кэрролл мен Дж. Р.Р. Толкиеннің шығармаларына арналған 2000-нан астам сурет, эскиздер, иллюстрациялар бар. Бірақ балалар мұнда суреттерді тамашалау үшін келмейді. Мұражайдың басты көрнекілігі муми-тролльдардың 2,5 метрлік үлкен үйі болып табылады. Ол 5 қабатты және бөлмелері өте көп. Өкінішке орай, оның ішінде жүруге болмайды, бірақ ішіне үніліп қарауға болады: барлық бөлмелер әртүрлі жиналған, барлығының ішінде жарық түсірілген, ал құпия дәліздің бұрышында қазына-көмбе жасырылған. Үйдің таң қаларлық және ерекше келбеті оны бір уақытта үш адамның бірдей жобалауымен түсіндіріледі. Олардың бір де бірі басқалардың алдында өз идеяларынан бас тартқысы келмеді, нәтижесінде үй құрылысында әрқайсысының тілегі қанағаттандырылды. Ересектер болса, жайлы креслоларда отырып-ақ, «Тарихтар үйі» деп аталатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен таңғажайып үйдің барлық детальдарын мұқият қарай алады. Таңғажайып үйден басқа, мұражайда муми-тролльдар өмірінен ертегі көріністерінің қырыққа жуық макеті жасалған.

### **Strong National Museum of Play балалар мұражайы (АҚШ)**

Рочестердегі Стронг ойын мұражайы – ойынның мәнін және ойындар мен ойыншықтардың Америка мәдениетіне әсерін зерделеуге және түсіндіруге толығымен арналған әлемдегі жалғыз мұражай. Мұражайдың 500 мыңнан астам экспонаты қуыршақтардың, ойыншықтар мен ойындардың әлемдегі ең үлкен топтамасын қамтиды. Үлкендер де едәуір қызығушылықпен қабаттарды аралайды және өздері бала күндерінде ойнағысы келген, қолдары жетпеген ойыншықтарды таңдай алады. Ойыншықтардан басқа мұражайда 100 мыңнан астам рөлдік және үстелде ойналатын ойындар бар, олардың көбін сол жерде-ақ үйренуге болады.

Соңғы кездері мұражай толығымен бейнеойындарға арналған жаңа экспозицияға байланысты жоғары танымалдылыққа ие. «Электрондық ойындар тарихы» топтамасында шамамен 15 мың компьютерлік және консольдық ойындар, ескі ойын автоматтары мен қосымшалар бар.



### **Балалық мұражайы (Ұлыбритания)**

Бұл мұражайдағы ең ескі ойыншық үш мың жыл бұрын жасалған! Ал, негізінен, лондондық балалық мұражайы – бұл «балалық» ұғымымен біріктірілген 20 мыңнан астам зат: фарфор, ағаш, пластик және талшықтан жасалған қуыршақтар, барлық көлемдегі, түстердегі және түрлердегі ойыншықтар, үлкен темір жолдар, солдаттар полкі, отызға тарта қуыршақтар үйлері, балалар киімдері, қуыршақтар, аюлар және т.с.с., балалар жиһазы, мектеп заттары, үстел үстінде ойналатын ойындар және тағы басқалар.

Ең бастысы – мұражайда тек тамашалап қана қоймайсың! Жоғарғы қабаттарда интерактивті ойын-сауықтар: тербелетін айналар, музыкалы автомат, үстінде ойыншықтары бар құм... Экспонатқа қойылған киімдер мен бас киімдерді киіп көруге болады. 5 жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтарымен жеке жабық кеңістік бар. Ал одан үлкен балалар тәжірибелі жетекшілік етумен қуыршақтар жасай алады немесе футболкаларға сурет сала алады.

Мұражай қызметкерлерінің мақтана аларлық тағы бір нәрсесі бұрынғы мектептердің жазалау құралдары: қамшылардың, дүрелердің, таяқтардың, белбеулердің және осы сияқты басқа да заттар жиынтығы бар зал болып табылады. Бір де бір ата-ана өз баласына өздерінің, сол сияқты мұғалімдерінің қадірін біле түссін дегендей, бұл залды аттап кетпейді.

### **Пекиндегі балалар мұражайы (Қытай)**

Бұл мұражай негізінен 8 жасқа дейінгі балаларға арналған. Бірінші, балалардың «Сиқырлы үрме бұршақ үйіне» кірген кезде көретіні – ол оларды қорғанға алып келетін сабақ. Қорғаның ішінде не істейтінін әркім өзі шешеді: кешкі көпірдің үстімен қыдыруға, терезе арқылы арқан бойымен кіріп, қорғанды жаулап алуға немесе өзін доңғалақтағы тиін ретінде сезінуге болады. Ал аптасына бір рет,

әрбір сейсенбіде қорғанда қуыршақ қойылымдары өтеді, оған балалармен қоса ата-аналар да баруға құмар.

Ең кішкентай сәбилер үшін бөлме көзделген – балалар алаңы, оны аралауға болады және іргелерге салынған жануарлармен әңгімелесуге болады. Тек қана пайдалы өнімдер: жеміс-жидек, көкөніс, сүт, ет және т.с.с. сатылатын супермаркет залы бар, мұнда балалар «сатушы – сатып алушы» болып ойнай алады.

Су әлемінде шомылуға, шалпылдауға, су шайқасын ұйымдастыруға, қайықта жүзуге, сондай-ақ арнайы суға төзімді қағазда сурет салуға болады. Күн жүйесі қалай орналасқанын білу, қала салуды үйрену – үй тұрғызу, қабырғаларды бояу, одан кейін бәрін қайта бұзу мүмкіндігі бар. Ал арт-галереяда бала өз талғамына қарай кез келген материалдан ойлаған затын жасай алады, оның ішінде жеуге болатын тағамдардан да жасай алады.



### **Холондағы мұражай (Израиль)**

Холондағы израильдық балалар мұражайы – бұл балаларға да, ересектерге де арналған эмоциялар ортасы. Онда бәрін қолмен ұстауға, дәмін татып көруге, жалпы айтқанда, мұражайға кіріуге және оның ажырамас бөлігіне айналуға болады — тек экскурсия жүргізушінің жетекшілігінде топпен жүріп, орындалады. Есесіне мұражайдың ішіндегі жорық алған әсерлер жиынтығы емес, келуші уақыт лабиринтінде саяхаттаушы нағыз кейіпкерге айналатын тұтас әңгімеге айналады. Одан кейін бала тыңшы болады және шешілмейтін бір-екі міндетті шешеді, бұлттың үстінде тербеледі, қарда аунайды, көлбақалар әуенін тыңдайды және басқа көптеген қызықтарға тап болады. Одан басқа, мұражайдың басшылығы әр уақытта жаңа оқиғалар ойлап тауып, қолда бар экспонаттарды басқаша пайдалана отырып және оған жаңаларын қоса отырып, бағдарларын үнемі өзгертіп отырады.

Мұражайдағы ең танымал көрме «Қараңғыдағы диалог», ол зағип адамды бейнелейді: барлығы қолдарына жетектеуші-таяқшалар қысып алып, көзі көрмейтін жол сілтеушінің ізімен жүреді де, әртүрлі дыбыстар мен иістерді анықтауға тырысады. Олар көшелермен жүреді, дәмханаларға, дүкендер мен базарларға кіреді – бәрі өмірдегі сияқты, бірақ зағипты әрбір қадам басқанда сақтандыратын күтпеген әрекеттерсіз. Ал бірнеше жыл бұрын бұл

көрмеге тағы біреуі – «Тыныштыққа шақыру» қосылды: балалар мен үлкендерге саңырау болудың не екенін түсіну ұсынылады.

### **Венадағы Zoom (Австрия)**

Еуропаның ең үздік мұражайы деп танылған үлкен интерактивті Zoom Венаның орталығында орналасқан. Ол бірнеше аймаққа бөлінеді: Zoom Мұхит – 6 жасқа дейінгі сәбилер үшін, 3 жастан 12 жасқа дейінгі сәбилер үшін – Zoom Studio, Zoom Exhibition – өз қолдарынан дүние жасап шығарғысы келетіндердің барлығы үшін, Zoom Animated Film Studio – оқушылар үшін. Сәбилер аймағында көптеген аттракциондар, айналы туннель, су матрастары, төбешіктер, есту-көру-моторикасын дамытуға арналған әртүрлі тапсырмалар бар. Студия – әр заттың беті боялу керек деп есептейді: майкалар, джинсылар, қабырғалар, едендер, сөрелер, ыдыстар – бәріне де сурет салуға болады. Одан басқа, студияда әдеттегі пластик бөтелкелерден үйлер, адамдар, аңдар жасауға, ойыңа келген өзге де нәрселерді жасауға болады. Құрылыс басында балаларға арнайы киім, резеңке етіктер беріліп, кірпіштер қалауға жіберіледі. Ал оқушылардың Zoom'а мультипликациялық студиясы кинодағы жұмыстың әртүрлі салаларымен: операторлық өнермен, анимациямен, режиссурамен, декорациялар жасаумен таныстырады.

Осылайша, балалар мұражайларының қазіргі әлемді дамытуға әсері өте жоғары: атап айтқанда, балалар мұражайының басты қасиеттерінің бірі – интерактивтілік – ХХІ ғ. адамзат қоғамы үшін өзекті болып табылады, себебі қазіргі адамды жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен жасалатын интерактивті кеңістік қоршап тұр.

### **2.1. Білім беру ұйымдары мұражайының мақсаты, міндеттері мен бағыттары**

Мұражай мен білім беру ұйымының үйлесімінде мұражай түйінді болып табылады. Мұражайда осы әлеуметтік институтқа тән бірқатар сипаттамалар мен функциялар бар. Оның дәстүрлі функцияларына: топтамалау, зерделеу, есепке алу, топтамаларды сақтау, сондай-ақ оларды білім беру мен тәрбиелеу мақсатында пайдалану жатады. Білім беру ұйымының мұражайында осы функцияларды іске асыру үшін жеткілікті мұражай заттарының қоры, сондай-ақ ол тиісті дәрежеде өз қызметін жүзеге асыратын экспозициялық-көрме кеңістігі болуы тиіс.



Мұражайдағы ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру ісінде оның даму перспективаларының ғылыми тұжырымдамасын әзірлеудің маңызы зор. Мұражай мен ағымдағы міндеттер дамуының жалпы тұжырымдамасына сүйене отырып, қорлар күйінің нақты жан-жақты талдауының негізінде қорлар жұмысының басым бағыттары айқындалады, мұражай жинағын ғылыми ұйымдастырудың тұжырымдамалық негіздері баяндалады, топтамалау, іріктеу және дереккөздер құрамын, олардың ғылыми жіктемесі мен жүйеленуін айқындау, мұражай топтамаларын есепке алудың, сақтаудың, ғылыми өңделуін ұйымдастырудың, оларды ғылыми айналымға енгізу және т.б. проблемалармен қоса, мұражайдың ғылыми базасы ретінде оны қалыптастырудың нысаналы міндеттері қойылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының өзіндік ерекшелігі мұражай қызметінің бұл бағыты өзінің негізінде Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарымен регламенттелетінінде, оларда мұражай құндылықтарын есепке алу, түгендеу, сақтау, пайдалану тәртібі мен қағидалары айқындалады, Қазақстан Республикасының барлық мұражайлары үшін бірдей есепке алу, сақтау нысандары және оларды жүргізу әдістемесі енгізіледі. Ғылыми-зерттеу жұмысының мұндай нысандалуына оң баға беруге болады, себебі бұл елдің мұражай қорының бірыңғай есепке алу, сақтау және зерделеу жүйесін құруға, жалпы әдістеме әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мұражайдың ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеттері мен мақсаттары: мұражай жинағын қалыптастыру және дамыту, мұражай құндылықтарының – тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету және олардың қоғамда кеңінен пайдаланылуы үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының мәні, оның мазмұны мұражай заттарымен және топтамаларымен белгілі бір жұмыстар кешенін жүргізуді, есепке алу, ғылыми ақпараттық құжаттар мен анықтамалардағы жұмыстардың нәтижелерін құжаттауды қамтамасыз ететін арнайы мұражайлық тәсілдер мен әдістерді құрастырады. Мұражайда ұсынылған дереккөздердің құрамына қарай жұмыста басқа бейінді ғылыми пәндердің – тарихтану, дереккөзтану, мұрағаттану, кітапханатану, археология, этнография, өнертану және т.б. мамандар әзірлеген әдістер де пайдаланылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы процесінде қорлар қызметкерлері нақты кәсіби жұмыстардың белгілі бір циклін жүзеге асырады, ал атап айтқанда:

ғылыми мұражайтанушылық зерттеу және ғылыми-әдістемелік сұрақтарды әзірлеу;

қорларды топтастыру – тарих пен мәдениет ескерткіштерін анықтау, ғылыми сараптама жүргізу және мұражай жиынтығының құрамына іріктеу;

есепке алуды жүргізу – жаңадан түскен заттарды актілеу және тіркеу, мұражай қорларындағы күй мен өзгерістерді тіркеу және т.б.;

қорлар мен топтамалар бойынша мұражай заттарын жіктеу және жүйелеу;

мұражай заттарын зерделеу және ғылыми тұрғыдан сипаттау;

ғылыми түгендеу және каталогқа салу;

каталогтарды және басқа да мұражай анықтамаларын шығаруға дайындау;

қорлардың ғылыми-анықтамалық аппаратын құру, мұражай жинағының құрамы мен мазмұны туралы ақпаратты мұражайдың ақпараттық-іздеу жүйесіне (картотекалар, каталогтар, дербес компьютерлер) енгізу;

мұражай көздерінің әртүрлі типтері мен түрлерін сақтау жүйесін ұйымдастыру;

сақтаудың оңтайлы режимдерін жасау, сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізу;

мұражай заттарының, оның ішінде сақтау орындарынан экспонаттау үшін және басқа да мақсаттар, берілген мұражай заттарының сақталу күйін бақылау;

мұражай заттарын консервациялау және қайта жөндеу және т.б.

## **2.2. Білім беру ұйымдарының мұражайларындағы зерттеу қызметінің қағидаттары**

Зерттеу қызметі жоспарын әзірлей отырып, бәрін бірдей қамтуға тырысудың қажеті жоқ. Жуық арадағы бірнеше жылға аталған бағыттардың (отбасы, білім беруді ұйымдастыру, үй) әрқайсысы бойынша топтамалаудың айқын тұжырымдамасын әзірлеу қажет.

Жиынтықтаудың бірінші кезеңінде ықтимал мәлімдеуші шеңберін анықтаймыз. Бірер уақыттан соң алғашқы олжалар пайда бола бастайды. Бұл ретте олардың құндылығының дәрежесін айқындау қиын. Осыған байланысты, бастапқы тіркеудің, құжаттың дұрыс сипатталуының маңызы зор. Жеке қорлардың бөлінбейтіндігі қағидатын ескере отырып, біреудің жинағынан жекелеген затты алып қою әрдайым орынды бола бермейді. Бұл кезеңде олжаны тіркеу және егер аса қажет болмаса, оны алу, көшірмесін пайдалану маңызды.

Білім беру ұйымы мұражайының өлкетанушылық жұмысын ұйымдастыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алған жөн: зерттеулердің кешенді сипаты; зерттеу әдістерінің әртүрлілігі.

Кешенді сипат зерттеудің әртүрлі сипатының артықшылығын білдіреді. Мұражай зерттеу және жинау жұмыстарын жүргізуге ниеттенетін аумақтық шекараларды белгілеп алу орынды. Бұл ретте кең аумақтық қорға: қалаға, облысқа, өңірге, республикаға мониторингілік зерттеулер жүргізу керек. Жеке мен жалпыны талдау және салыстыру – мұражай қызметінің маңызды тұсы.

Хронологиялық шеңберлер әртүрлі болуы мүмкін, бірақ ең кем тарихи ая болуға тиіс. Мысалы, картада ежелгі тайпалар орналасуының шартты шекарасын, ежелгі қорғандардың орналасқан жерін, археологтардың қызықты олжаларын көрсеткен абзал. Көрсетілген жерлерді фотосуреттермен, суреттермен, заттай материалдармен көркемдеген де жақсы. XX ғасырдың басындағы және одан ерте кездегі дереккөздер қазіргі зерттеушілер үшін табыла бермейді. Олар болмаған жағдайда әдебиет және өзге көздерді, қажет болған жағдайда көшірмелерін пайдалануға болады. Мысалы, ауыл тарихы бойынша экспозицияда картинаның толықтығы үшін бұл жағдайда қазіргі тұрғынға (мысалы, жергілікті әдебиетші, мұғалім немесе әдеттегі оқушыға) тиесілі естеліктерді тапқан орынды.

### **Туған өлке бойынша экскурсиялар мен серуендер**

Өз ауданының түпкір-түпкіріне деген қызығушылықты арттырады. Балалар туған жерлері туралы жаңа дүниелерді біледі, көрген-білгенін бір бірімен бөлісе алады. Әрқайсысы өздері үшін алдағы зерттеу жұмысының қызықты әрі перспективалы тақырыбын айқындап алуға тырысады.

### **Кітапханалардағы, мұрағаттардағы және ғылыми ұйымдардағы жұмыс**

Негізгі базаны құру, онсыз өлкетану қызметін сауатты ұйымдастыру мүмкін емес.

### **Халықтан сұрақ-жауап, сауалнама алу**

Әрбір жергілікті жерде өлкенің тарихын жақсы білетіндер, байырғы тұрғындар табылады, олардың естеліктерін жазып алу қажет. Сауалнама жергілікті тарихтың әртүрлі мәселелері бойынша ауқымды мәліметтер жинауға, белгілі бір тарихи кезеңнің өзіндік бөлігін алуға көмектеседі.

### **Жерлестермен хат алмасу**

Осы өлкелерде тұрған, бірақ басқа жақтарға көшіп кеткен адамдарды анықтаған да дұрыс болар еді. Оларға балалық шақтары өткен жерлер туралы еске алу, естеліктерімен бөлісу, мүмкін, тіпті қызықты заттарымен бөлісу өте тамаша болар еді.

### **Қызықты адамдармен кездесу**

Бұл қарым-қатынас аясын кеңейтуге, мұражай мүддесі шеңберіне адамдарды көптеп тартуға мүмкіндік береді, ол адамдар бірте-бірте мұражайдың достарына айналуы мүмкін.

### **БАҚ мониторингі**

Телехабарлар көру, радиобағдарламалар тыңдау. Қазіргі заманғы БАҚ-та көптеген қызықты материалдар болуы мүмкін. Кейде сіздің туған жеріңіз туралы, мысалы белгілі тарихшы әңгімелеген жаңа ақпарат немесе тарих басқа күтпеген қырынан көрінуі мүмкін. Немесе жас ақын жақын жердегі өзен туралы өлең оқиды. Осылайша әдеттегі бұқаралық ақпарат құралдары ең күтпеген мәліметтер көзіне айналуы әбден мүмкін.

### **Материалды экспедициялық жинақтау**

Білім беру ұйымы мұражайының қорын қалыптастырудың негізгі әдісі материалды экспедициялық жинақтау (экспедициялар, жорықтар, экскурсиялар және т.б.) болып табылады.

Өлкетанушылық экспедициялар нақты тақырып бойынша зерттеулер барысында жүргізіледі. Зерделеуге (одан әрі топтамалауға) арналған тақырыптардың реті мен кезектілігі жоспарлы сипатта болуға тиіс және өлкетанушылық міндеттерді, экспозицияның талаптарын және жүйелі топтамалар жасау қажеттіліктерін қамтуға тиіс. Экспедицияларды мемлекеттік мұражайлармен, бейінді ғылыми ұйымдармен келіскен орынды. Іздеудің қажетті ғылымылығын, материалды іріктеуді, оны құжаттамалауды қамтамасыз ететін мұражайтану әдістемесіне сәйкес бірлескен экспедициялар өткізген дұрыс.

Ескерткіштерді топтамалау көздері әртүрлі болуы мүмкін. Бәрінен бұрын, бұл жоғарыда атағанымыздай отбасылық топтамалар. Бұдан басқа антикварлық және букинистік дүкендерді, чердақтар, қоймалар, сарайлар, қайталама шикізат пункттерін де пайдаланған абзал. Іздеу өнеркәсіп кәсіпорындарында, шығармашылық одақтарда да жүргізілуі мүмкін.

Өлкетану экспедициясын ұйымдастыру үшін туристік және тұрмыстық сипаттағы жарақтар мен жабдықтардан бөлек материалдар жинақтауға арналған запас ыдыстар, құжаттарға арналған сөмкелер, жазба кітапшалар, қарындаштар, фотоаппараттар, диктофон және қажетті керек-жарақтарымен кинокамера, өлшеуге арналған рулеткалар, лупалар, табылған фотографиялар мен құжаттарды сақтауға арналған пакеттер, планшеттер, жиналатын заттарға байлауға арналған жіптегі нөмірлер де көзделуі тиіс.

Экспедиция жүргізу кезінде топ мынадай экспедициялық құжаттар дайындайды:

1. Даладағы күнделік. Онда іздеу жұмыстарының барысы, оның негізгі кезеңдері тіркеледі, алғашқы нәтижелер талданады және одан әрі зерттеулер перспективалары белгіленеді.

2. Даладағы тізімдеме. Бұл табылған заттар туралы негізгі мәліметтер енгізілетін бастапқы құжат. Кейіннен олар түгендеу кітабына көшіріледі. Әдетте жазбалар кесте түрінде ресімделеді, онда мыналар тіркеледі:

- 1) Түскен материалдың реттік нөмірі.
- 2) Табылған күні мен орны.
- 3) Заттың атауы.
- 4) Саны.
- 5) Материал және оның дайындалу тәсілі.
- 6) Заттың бағыты.
- 7) Сақталуы.
- 8) Заттың көлемі де көрсетілген сипаттамасы.
- 9) Түскен материалдың иесі немесе дереккөзі.
- 10) Аңыз.
- 11) Ескертпелер.

3. Естеліктер мен әңгімелерді жазып алу дәптері. Онда көне көз қариялардың, өлкетанушылардың және өзге де адамдардың сауалнамалық деректері көрсетіле отырып, көрген оқиғаларын әңгімелеуі тіркеледі. Әңгімелеушіге жазылған әңгімесіне кейіннен қол қойғызған дұрыс. Бұл жағдайда материал құжаттамалық куәландыру нысанына ие болады.

4. Фототіркеу дәптері. Жас фотографтар өздері экскурсияларда, жорықтарда немесе экспедицияларда жасайтын әрбір кадр туралы мәліметтерді (фототүсірілім объектісінің атауы, әрекеттің сюжеті, уақыты мен орны) жазып отырады. Бұл фотографияны одан әрі қорларға немесе экспозицияға қосу кезінде қателеспегуге көмектеседі.

#### **Мұражай құжаттамасының негізгі топтары**

Зерттеу жұмысын ұйымдастыру үшін қордың ғылыми-есепке алу құжаттамасы, сондай-ақ мұражайтану және өлкетану сипатындағы материалдар пайдаланылады.

Ғылыми-есепке алу құжаттамасына мыналар кіреді:

1. Құжаттарды қабылдау-тапсыру актілері.
2. Бастапқы есепке алу кітабы (түсімдер кітабы).
3. Түгендеу кітабы.

Қажет болған жағдайда, мұражайда уақытша сақтау кітаптары (мұражайға уақытша сақтауға келіп түскен материалдар үшін), алмасу қорының кітаптары (бейіндік емес және төлнұсқалық материалдар) болуы мүмкін.

Анықтамалық ақпарат қорда ескерткіштің барын, орналасқан жерін тез табуға мүмкіндік беретін картотекалар мен картотекалар жүйесінен (компьютерлік нұсқада да болуы мүмкін) тұрады.

Қосалқы картотекалардың негізгі түрлері: мүліктік; жүйелік; тақырыптық; атаулық; топографиялық; заттық; хронологиялық; географиялық.

Анықтамалық картотека әдетте мынадай мәліметтерді қамтиды: заттың атауы (кейде қысқаша сипаттамасымен), есепке алу нөмірі, сақтау орны.

Мұражайтанушылық және өлкетану өлкетанушылық сипаттағы материалдар. Мұнда ғылыми төлқұжаттар (жекелеген заттардың немесе тұтас топтамалардың монографиялық зерттеуінің қорытындысы) мен мұражай заттарының сипаттамасы, сондай-ақ мұражай жинақтарының ғылыми каталогтары (жүйеленген және барынша зерделенген топтамалар туралы деректер жиынтығы) кіреді.

Мұражайда білім алушылар мен педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметіне байланысты материалдар да жиынтықталуы тиіс: экспедициялар күнделіктері, мұражай материалдары бойынша баяндамалар, шығармашылық жұмыстар.

Мұражай қалыптастыру – бұл үздіксіз әрі шексіз процесс. Мұражай заттарының жинағына негізделген толыққанды экспозиция, бұл тек бастау ғана, мұражай ғимаратын қалаудың бірінші тасы. Іздеу-өлкетану зерттеулерінің ұзақ мерзімді бағдарламасы – осы ғимараттың іргетасы. Бағдарлама неғұрлым мұқият жасалса, білім беру ұйымының қажеттіліктеріне неғұрлым жақын болса, соғылған ғимарат та соғұрлым мығым болады.

Білім беру ұйымының мұражайы (Балалардың бастамасымен және олардың зерттеушілік, шығармашылық еңбегінің нәтижесінде құрылған кез келген өзіндік қоғамдық балалар мұражайы) - зерттеу немесе қоғамдық бірлестіктің белгілері мен функцияларын, қызығушылықтары бойынша балалар клубын, шығармашылық шеберхананы үйлестірген әмбебап қоғамдық институт, ол жасөспірімдерге тәрбиелеушілік әсер берудің шексіз әлеуетіне ие екені сөзсіз. Осылайша, мұражайлар – отандық мәдениет пен білім берудің айқын құбылыстарының бірі, өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралы.

Балалар қоғамдастығының практикалық қызметінің нәтижесі ретінде, өлкенің, қаланың, ауданның, ауылдың, мектептің және т.б. тарихы мен мәдениетінің ескерткіштерін зерделеу мен сақтаудың шағын орталығы ретінде пайда болған мұндай мұражайлар көптеген рухани дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамытудың шығармашылық орталығына да жиі айналып жатады. Білім беру ұйымдарының

мұражайларының көпшілігі өз бетінше құрылған, яғни мақсатты зерттеушілік және шығармашылық қызметтің нәтижесінен құрылған. Қоғамдық мұражай ашудағы балалардың бастамасы олардың өлкетанудағы зерттеу еңбектерінің айқын нәтижесі болып табылады, бүгінгі күні жіті назар аударуды және қолдауды қажет етеді – бұл, сөз жоқ, тұтас қоғамның мүддесі. Мұражайдың өлкетанушылық зерттеу және шығармашылық қызметін таныстырудың кең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету өзекті. Бұл мұражай акциялары, көрмелер, конкурстар, есептер түріндегі таныстырулар, сондай-ақ, аудандық, қалалық, облыстық орталық газеттер мен журналдарда жариялау. Халықаралық олимпиадаларға, конкурстарға және конференцияларға қатысу сияқты жоғарырақ деңгейдегі таныстырулар болуы мүмкін.

Инновациялық өнімді енгізу жүйесі іске асырылуына білім беру ұйымдарының барлық құрылымдары тартылған, білім беру процесінің барлық субъектілері қосылуы мүмкін бірыңғай жобаны білдіреді, бұл қазіргі заманғы мектепте білім беру кеңістігін ұйымдастырудың тиімді моделін жасау процесіндегі жүйелі өзгерістер үшін жағдайлар туғызады.

**Мақсаты:** балалардың экологиялық білім беру саласындағы зерттеу, жобалау, шығармашылық қызметін тиімді іске асыру үшін мәдени, ақпараттық және білім беру кеңістігін құру.

**Міндеттер:**

виртуалды экологиялық мұражай құру үшін балалар мен педагогтердің бірлескен зерттеу қызметінің моделін іске асыру;

виртуалды экологиялық мұражайдың мұражай экспозицияларын құру;

балаларға негізгі және қосымша білім берудің шеңберінде мұражай экспозициясымен жұмысты ұйымдастыру;

виртуалды экологиялық мұражай жұмысының шеңберінде ұжымның қызметін ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру;

мұражай қызметінің шеңберінде әріптестермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

виртуалды экологиялық мұражай қызметінің тиімділігін мониторингілеу;

мұражайдың зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялау.

**Қызметтің негізгі қағидаттары:**

ашықтық – балалардың зерттеушілік және шығармашылық қызметін іске асыру есебінен мұражайдың мазмұндық және технологиялық құрамдауыштарын үнемі толықтыру мүмкіндігі;

қолжетімділік – мұражай экспозицияларын ұсыну нысандары әртүрлі жастағы және психологиялық тұрғыдан әртүрлі балаларды

мұражай экспозициялары базасындағы қызметке барынша көптеп тарту мақсатында олардың қабылдау ерекшеліктерін ескеруді болжамдайды;

ғылымилық – мұражай экспозицияларының негізін ғылыми-ақпараттық деректер қоры құрайды; балалардың зерттеу қызметін ғылыми негіздерде ұйымдастыру;

практикаға бағдарланушылық – мұражайдың экспозициялары зерттеу қызметінің өзіндік тәжірибесін алуға ықпал етеді;

интерактивтілік – балалар үшін мұражай экспозициясымен жұмыс процесінде өз көзқарасын білдіру мүмкіндігі;

ынтымақтастық қағидаты – балалардың қызметінде топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы, сондай-ақ педагогтер мен балалардың ынтымақтастығы арқылы іске асырылады;

әсемділік – виртуалды экологиялық мұражайдың сайты мен экспозицияларын ресімдеу.

Дәстүрлі практикада виртуалды мұражай бұрыннан бар нақты мұражайлардың экспонаттарын сипаттауды білдіреді. Виртуалды экологиялық мұражайдың экспозициялары балалардың зерттеу қызметінің нәтижесі болып табылатын ақпараттық материалдарды құрайтын болады.

Жобаны енгізу негізгі және қосымша білім беру жүйесін біріктіруге мүмкіндік береді.

Виртуалды экологиялық мұражай білім беру ұйымдарының мұражайларында білім алушылардың зерттеу қызметі жүйесін біріктіреді. Виртуалды экологиялық мұражай материалдар ұсынудың қазіргі мұражайлар үшін дәстүрлі нысандарымен қатар, бір балалардың басқа бір балалардың зерттеу қызметінің өнімдерімен өзара әрекетіндегі белсенді орнын болжамдайтын, материалдар ұсынудың интерактивті нысандарын да қамтиды.

### **3. Білім алушылардың білім беру ұйымдарының мұражайларында ғылыми зерттеулер жүргізуінің негізгі кезеңдері**

Білім беру ұйымы мұражайларының ғылыми-зерттеу жұмысын зерделеу оның ерекшелігін талдауды көздейді. Білім алушы мұражайлардың бірінің мысалында ғылыми қызметтің сипатталған барлық аспектілерін талдауы тиіс. Мұражайды таңдау негізді болуға тиіс. Мүмкіндігінше оның қызметінде жалпы, сол сияқты ғылыми жұмыстың басым салалары анықталады, сондай-ақ нақты мысалдарда соңғы жылдардың маңызды жетістіктері көрсетіледі.



Балалар аудиториясы мұражайға келушілердің айтарлықтай бөлігін құрайды. Бірақ соңғы он жылда мұражай ісіндегі едәуір өзгерістер мәдени-білім беру қызметінің сипатына әсер етті. Ол көбіне келушілердің басқа санаттарына бағытталуда. Мұражайдың жаңа коммуникациялық моделі үлкендер аудиториясына деген өзгеше көзқарастарды қалыптастырды. Еуропалық ересектерді оқыту қауымдастығы мұражайларды ғылыми-білім беру жұмысының маңызды орталықтары ретінде қарастырады. Мұражайға келушілердің ішінде мүмкіндіктері шектеулі келушілер топтарына көп назар аударыла бастады.

Мұражайлардың міндеті – балалардың мұндай санатына мәдени мұрамен танысуда басқа келушілермен бірдей мүмкіндіктер беру. Осы мақсатта мұражайлар келушілердің әртүрлі санаттарына есептелген арнайы бағдарламалар әзірлейді: нашар еститіндер, психикалық ауытқулары бар, қимылында шектеулер бар және т.с.с. Олармен жұмыс мүгедектерді қолдау жөніндегі әлеуметтік орталықтар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдарды оңалту бойынша жұмыс істейтін арнайы ұйымдар арқылы жүргізіледі. Мұражай зерттеулерінің маңызды бөлігі осындай аудиториямен жұмыс істеудің нысандары мен әдістерін әзірлеуге, сондай-ақ оның психологиялық ерекшеліктерін зерделеуге қатысты. Білім алушының міндеті – мүгедектермен жұмыс істеудің шетелдік тәжірибесін талдау, отандық мұражайлардың осы бағыттағы жұмысының ерекшелігін анықтау, әртүрлі типтегі мұражайлар ұсынатын бағдарламаларды салыстыру.

Мұражайдың мәдени-білім беру қызметі мұражай коммуникациясының бөлігі болып табылады. Оның негізінде келушілермен жұмыс жатыр. Әртүрлі тарихи кезеңдерде оның терминологиясы әртүрлі болып келді: мәдени-тәрбиелеу, саяси-ағарту, ғылыми-ағарту. Бұл келушілермен жүргізілетін жұмыстың мәніне белгілі бір ізін салады.

Мұражайдағы білім беру жұмысының тиімділігі мұражай қызметкерінің өз келушісін қаншалықты жақсы білетініне байланысты. Аудиторияға деген сараланған көзқарас көбіне мұражай коммуникациясының табыстылығын айқындайды. Балалармен, мүмкіндігі шектеулі адамдармен, білім алушылармен, туристермен немесе осы аумақтың тұрғындарымен жұмыстың жаңа нысандарын және әдістерін әзірлеу олар туралы толық әрі жан-жақты ақпаратты талап етеді.

Алға қойылған міндеттерді шешу және бастапқы алғышарттарды тексеру мақсатында практикада нысанасына

баламалы зерттеудің бірін бірі толықтыратын әдістер кешені қолданылады:

зерттеу проблемасы бойынша ғылыми әдебиет талдауы;

әлеуметтанушылық әдістер;

мониторинг;

сауалнама жүргізу;

модельдеу;

тәжірибе жүргізу әдістері;

зерттеу қызметі тәжірибесін зерделеу және жинақтау;

тәжірибе жасау барысында алынған деректерді талдаудың ақпараттық-математикалық технологиялары.

Мұражай әлеуметінің міндеттеріне келушілердің әлеуметтік-демографиялық құрамын, олардың сұранысын, қарау үшін қандай да бір білім беру ұйымын таңдауға бейімділікті, мұражай кеңістігіндегі қабылдау мен мінез-құлық сипатын анықтау кіреді.

**Қызмет аясын таңдау, жоспарланатын жұмыстың өзектілігін дәлелдеу.**

Осы ғылыми тақырыптағы проблеманы түйсіну.

Осы проблеманы шешуге бағытталған гипотезаны қалыптастыру.

**Мақсаттарды қалыптастыру.**

Ғылыми проблеманы шешуге бағытталған.

**Міндеттер қою.**

Зерделеу объектісін жан-жақты ғылыми зерттеуге бағытталған.

**Әдістерді таңдау.**

Зерттеу қызметінің жалпы ғылыми әдістерін таңдау.

Зерттеу қызметінің ерекше әдістерін таңдау.

**Жобалау немесе зерттеу жұмыстарын жүргізу.**

Қазіргі ғылыми проблеманы шешуге бағытталған ғылыми зерттеулерді жүргізу.

Зерттеу мақсаттарын нақтылайтын міндеттерді шешу.

Алға тартылған гипотезаны тәжірибелік тексеру.

Зерттеудің алға қойылған мақсаттарына қол жеткізу.

Ғылыми зерттеудің нәтижелерін талдау, өңдеу.

Зерттеу нәтижелерін ресімдеу.

Алынған зерттеу нәтижелерін құзыретті тұлғалармен талқылау.

Осы бағыттағы ғылыми зерттеулердің одан әрі дамуына болжам жасау.

Әлеуметтанушылық зерттеудің негізгі әдістері әлеуметтік сұрақ-жауап алу, келушілерді бақылау, мұражай құжаттамасын талдау болып табылады. Ол үшін сауалнамалар, сұрақ-жауап парақтары әзірленеді. Әлеуметтанушылық зерттеулер нәтижелері

мұражайдың ағымдағы қызметіне де, сол сияқты оның даму стратегиясын әзірлеуге де әсер етеді. Әдістемелік міндеттер құралдарды әзірлеуге бағытталған пилоттық зерттеулер арқылы шешілуі мүмкін.

Мұражай қызметіне енгізілетін ақпараттық технологиялар зерттеулерді жаңаша жүргізуге мүмкіндік береді. Келушілердің мұражай туралы пікірі бүгінгі күні мұражайға кіреберісте орналасқан компьютер арқылы «Мұражай мониторингімен» анықталады.

Бұл саладағы ғылыми зерттеулердің негізі келушілердің әртүрлі санаттарымен іс-қимыл жасаудың нысандары мен әдістерін әзірлеу болып табылады. Оларды әзірлеу үшін, ең алдымен, мұражай аудиториясының сұраныстарын жан-жақты зерделеу қажет. Мұражай аудиториясы әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары тұрғысынан: жас ерекшелігі мен жынысы, білім деңгейі мен кәсіптік тиесілілігі бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Осының бәрі мұражай коммуникациясының нәтижелілігіне әсер етеді.

Қор жұмысының теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерді, әдетте, иелігінде осындай ізденіс жүргізуге мүмкіндік беретін маңызды топтамалары бар ірі мұражайлар жүзеге асырады. Мұндай зерттеулер коммуникация теориясын әзірлеу үшін маңызды. Заттың анықталатын мәдени құндылығы оны экспозициялау жұмысында барынша маңызды объектілер мен қоғамдық құбылыстарды, оқиғаларды көрсету тұрғысынан пайдалану сипатына әсер етеді.

Тіл, ойын, би, ғұрып, салт, қол өнері және т.с.с. мәдениет нысандарын сақтауға тырысу мұражайларды бұл мұраны зерделеуге және қоғамның әлеуметтік естелігінің сақтаушысы болуға мәжбүрлейді.

### **3.1. Мұражай қорларын ғылыми тұрғыдан жинақтау жұмысын ұйымдастыру**

Мұражай қорларын жинақтау, әдетте, ғылыми әзірленген тұжырымдаманың негізінде жүзеге асырылады. Оның негізінде қорлардың күйін бағалау және топтамаларды толықтырудың міндеттері, қағидаттары, нысандары мен әдістерін белгілеу жатыр. Маңызды құрамдас бөлігі қорға материалдарды іріктеу өлшемшарттарын айқындау болып табылады.

Ғылыми-қор жұмысы қалыптастырылған топтамаларды зерттеуге бағытталған, бұл құбылыстарды, оқиғаларды, фактілерді көрсететін заттар туралы ақпаратты анықтауды көздейді. Бұл жұмыс

бірнеше кезеңмен өтеді. Бірінші кезеңде заттың белгілерін: материалын, қалпын, көлемін, дайындалған уақыты мен тәсілін, стилін және т.б. анықтауды көздейтін оның айқындамасы беріледі. Мәліметтер картотеканы құрайтын түгендеу карточкаларына енгізіледі. Оның негізінде алдағы уақытта түгендеу кітаптары, каталогтар немесе топтамалар шолулары құрастырылуы мүмкін.

Зерделеудің екінші кезеңінде заттарды жіктеу мен жүйелеу, яғни оларды ұқсастығы мен әртүрлілігіне қарай топтау жүргізіледі, бұл жинақтар каталогында көрсетіледі. Үшінші кезеңде мұражай затын интерпретациялау жүргізіледі. Одан басқа, қажет болған жағдайда, жекелеген заттарды монографиялық зерделеу жүзеге асырылады. Зерттеу барысында алынған ақпарат бастапқы мәліметтерді толықтырады және ғылыми төлқұжатқа енгізіледі.

Заттарды немесе топтамаларды зерделеу мұражай каталогының негізінде жатқан жіктеме схемаларын, сондай-ақ әртүрлі жарияланымдар әзірлеу үшін негіз болуы мүмкін. Бұл материал ғылыми-экспозициялық қызметтің де негізін қалайды.

Мұражай заты мен оның қасиеттері туралы теориялық жұмыстарды, шынайылық объектісін мұражай заты ретінде қабылдауға алып келетін «мұражайшылық» ұғымын қалыптастыруды бүгінгі күні ғылыми-зерттеу жұмысынан бөліп қарау мүмкін емес. Теориялық көзқарас тұрғысынан мұражай коммуникациясының жұмысы да барынша маңызды, онда мұражай заттары мұражай экспозициясының негізінде жатқан мұражай тілін құрайтын белгілер ретінде қарастырылады.

Экспозициялар мен көрмелердің ғылыми жобалануы мұражайлардың зерттеу жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Экспозициялар жасау экспонаттардың білім беру мен тәрбиелеу әлеуеті тұрғысындағы құндылығын анықтайтын ғылыми-зерттеу жұмысымен тығыз үйлеседі. Экспозициялардың ғылыми дайындығы әрқайсысы арнайы білімді талап ететін бірнеше жекелеген кезеңдерге бөлінеді. Дайындау мен негіздеу тұрғысынан аса маңыздысы мақсаттар мен міндеттерді айқындайтын экспозицияның ғылыми тұжырымдамасы болып табылады. Сонымен қатар тақырыптық құрылымды, тақырыптық-экспозициялық жоспар немесе экспозиция сценарийін әзірлеу айтарлықтай маңызды.

Ғылыми жобалау көркемдік жобалаумен тығыз байланысты. Экспозициялық жұмыстың тағы бір элементі ғылыми-қосалқы материалдарды дайындау болып табылады. Оларды жасау немесе анықтау да ғылыми дайындықты қажет етеді, ол карта, жоспар схемасы немесе мұражай заттарының қайта жаңғыртылуы – реконструкциялар, макеттер және т.с.с. болуы мүмкін.

Экспозициялық жұмыс оған қатысушылардың мұражай бейімделген ғылым бойынша ғана емес, сонымен қатар аралас білім салалары: психология, физиология, дизайн, мұражай ісінің тарихы және т.б. бойынша білімді болғанын талап етеді.

Ғылыми-экспозициялық жұмыс мұражайдың ғылыми зерттеулерінің басқа бағыттарынсыз мүмкін емес. Сондықтан да ол пәнаралық әдістерге сүйенетін мұражай коммуникациясының проблемалары бойынша зерттеулердің бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Экспонаттардың атрибуциясы бойынша қосымша зерттеулерді талап ететін жол сілтеуші не каталог жариялау экспозиция немесе көрме дайындау бойынша ғылыми жұмыстың бөлігі болуы мүмкін.

Мұражай жинағын қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі мұражай қорлары мен топтамаларының мақсатты және жүйелі жинағы болып табылады.

Жинақтаудың мақсаты:

1. Мұражай өзінің бейіндік проблематикасына сәйкес зерделейтін нақты шындықтың құбылыстары мен процестерін құжаттамалайтын тарих пен мәдениеттің түпнұсқалы ескерткіштерін анықтау және мұражай жинағында шоғырландыру.

2. Мұражай базасын қалыптастыру.

3. Мәдени құндылықтарды сақтау және олардың қоғамның мүддесінде көпшілік пайдаланылуы үшін жағдайлар жасау.

Мақсатына қарай қорларды жинақтау жүйелік және тақырыптық бағыттар бойынша жүргізілуі мүмкін. Біріншісі типологиялық топтамаларды қалыптастыруға бағытталған, олардың құрамына дереккөздердің бір типі ұсынылуы мүмкін, екіншісі проблемалық-хронологиялық (тақырыптық) және жеке (дербес) топтамаларды қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, дереккөздердің әртүрлі типінің негізінде жүргізіледі.

Жинақтау нысандары:

ғылыми экспедициялар мен іссапарлар;

көрмелерден, аукциондардан, суретшілердің шеберханалары мен студияларынан, букинистік және комиссиялық дүкендерден, жеке адамдардан және т.б. сатып алу;

жеке адамның сыйлығы немесе заңды тұлғаның беруі;

нотариаттық кеңсе арқылы мұрагерлікке алу;

оқиғалар болған жерлерде (спектакльдерде, демонстрациялар, митингілер және т.б. кезінде) мұражайды жедел жинақтау;

мұражай қызметкерлерінің жаңа ақпарат көздерін (фотосуреттер, бейнефильмдер, оқиғаға қатысушылар естеліктерінің, әңгімелерінің жазбалары және т.с.с.) ашу мақсатындағы

шығармашылық қызметінің нәтижесі ретінде оқиғалар мен фактілерді бастамашылық ете отырып, құжаттамалауы;

мұражайға бірегей жұмыстарды орындауға берілген тапсырыстар;

басқа мұражайлармен, коллекционерлермен заттар алмастыру және т.б.

Мұражай жинағының құрамына енетін заттарды анықтау мен іріктеудің негізгі сатылары:

1-ші саты, ол мынадай жұмыс түрлерін қамти отырып, жинау кезеңінде (дала жағдайында) өтеді:

зерделенетін заттың жалпы қасиеттерін, онда бар әлеуметтік маңызы бар ақпаратты айқындауға бағытталған, заттың ғылыми сараптамасы;

заттың мұражайлық құндылығын, яғни оны мұражайда пайдаланудың маңыздылығын алдын ала айқындау;

заттың табылған ортасымен әлеуметтік байланысын зерделеу және айқындау, оны дала құжаттамасына тіркеу.

Мұражайда өтетін 2-ші сатыда мыналар көзделеді:

жиналған заттарды мұражай жинағының құрамына бұрын кірген нақты топтамалардың заттарымен салыстырып талдау;

заттың мұражайда жұмыс істеу мүмкіндігін айқындау – оның тарихи процесті, ақпараттық және ғылыми әлеуетті модельдеу, коммуникативтілік қабілеттері;

заттың атрибуциясы – негізгі белгілерін (атауы, бағыты, құралуы, материалы мен техникасы, жасалған күні мен орны, өмірде пайдаланылуы; авторлығы және т.б.) анықтау және сипаттау;

заттың ғылыми тұрғыдан жіктелуі, жүйеленуі, білім мен эмоциялар көзі ретінде интерпретациялануы.

Балалар мұражайының зерттеу ортасы ақпараттық кеңістіктің бөлігі ретінде ғылыми-білім беру жүйесінің элементтерін, материалдары мен субъектілерін біріктіре отырып, білім алушының өздігінен білім алуына және өзін өзі дамытуына жағдайлар жасайтын, таным процесінде балалардың ішкі белсенділігінің тетіктері қосылатын орын болып табылады. Мұражай аудиториясында балалардың басымдық алуына байланысты бүгінгі зерттеулерде мектептермен ынтымақтастыққа ерекше назар аударылады. Одан басқа, соңғы жылдары мұражай үшін жақын орналасқан аумақтағы тұрғындарды жұмыстың әртүрлі нысандарымен барынша көптеп қамту маңызды болғандықтан, әлеуетті келушіні зерделеу проблемасы аса өзекті болып отыр.

Осылайша, балалар мұражайы зерттеу процесін ұйымдастыру тәсілдерінің, нысандарының әртүрлілігі туралы түсінікті кеңейте отырып, бірегей кеңістік туғызады.

### **3.2. Мұражай жинағының құрамына мұражайлық маңызы бар заттарды іріктеудің жалпы әдістемесі**

Қорларды жасақтау жұмысын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету Мұражайлық маңызы бар төлнұсқа заттарды зерделеу мен оларды Мұражай жинағының құрамына іріктеу көздері – мұражайдың белгілі бір нақты объектілермен тұрақты байланыста болуына негізделеді.

Ұйымдар, кәсіпорындар, шығармашылық одақтары мен қауымдастықтары, басылымдар, оқу орындары, суретшілердің, қолданбалы өнер шеберлерінің, фотосуретшілердің және басқаларының галереялары, көрмелері, шеберханалары немесе студиялары мұражайды жүйелі түрде жасақтау көздері бола алады. Мұражай төлнұсқа заттарды, мәдени құндылықтарды сақтайтын немесе жинайтын жеке адамдармен, жекелеген отбасыларымен де үнемі байланыста болады.

Мұражайлық маңызы бар заттарды іріктеудің жалпы өлшемшарттары – ақпарат берушілік, экспрессивтік, репрезентативтілік және басқалары. Жалпы өлшемшарттардың арақатынасы заттың түріне, оның шығу тарихына және басқаларына байланысты алуан түрлі болуы мүмкін. Мәселен, қазіргі заманғы кезең заттарын іріктеген кезде, ақпарат берушілік пен репрезентативтілік өлшемшарттары айқындаушы өлшемшарттар болады. Бұл өлшемшарттарды қолдану көптеген ұқсас заттардың ішінен неғұрлым маңызды, типтік түрлерін, біздің уақытымыздың басты үрдістерін толығырақ ашатын, аттрактивтік, экспрессивтік қасиеттерді иеленбей де, өзекті әлеуметтік ақпаратты көрсететін заттарды ғана іріктеуге мүмкіндік береді. Қазіргі заман материалдарын жасақтаған кезде заттардың біртұтас кешендерін – тақырыптық, нақты оқиғаларға, ұйымдарға және басқаларына арналған жеке кешендерді іріктеу әдісінің маңызы зор, ол аталған кешенге кіретін көздердің жекелеген түрлерінің ақпараттық әлеуетін толығырақ ашуға, қорларды жасақтаудың жалпы ғылыми деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Заттарға бастапқы сараптама жүргізу мен атрибуциялау кезеңінде заттарды іріктеу процесінде бірқатар мәселелер

туындайды, қоршаған ортаны және заттардың жасалуы мен тұрмыста қолданылу тарихын зерделемей, олар біркелкі шешілмейді.

Жасақтау сатысында көбіне заттың Мұражайлық маңызы мен оны мұражайдың ғылыми, экспозициялық және өзге де қызметінде пайдалану мүмкіндіктерін айқындау үшін зат туралы жинақталған барлық ақпараттың мәні шешуші болып табылады.

Нақты әлеуметтік-мәдени ортадан шығатын Мұражайлық маңызы бар заттың өзі пайда болған ортамен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып қалыптасатыны және жұмыс істейтіні мәлім. Заттың оны қоршаған ортамен өзара байланыстары мен қарым-қатынастарының, яғни олар атқаратын әлеуметтік функциялардың бүкіл жүйесі нысаналы мақсатқа әсер ете отырып, оның әлеуметтік-мәдени, ғылыми-танымдық маңызын айқындайды.

Осы байланыстар мен қарым-қатынастарды зерделеу мен тіркеу арқылы ғана заттың «Мұражайлығын», оның шынайы өмірді көрсететін әлеуметтік нысан функциясын атқару, білім мен эмоциялар көзі бола білу қабілеті мен оны тану құралдарын айқындауға болады.

### **3.3. Мұражай заттары мен мұражай жинақтарын зерделеу**

Мұражай жинағының құрамына енетін Мұражай заттары мен жинақтарының ғылыми-зерттеушілік әлеуетін ашу, білім беру-тәрбиелеу және ағарту функцияларын орындау үшін толыққанды ақпараттық база қалыптастыру мақсатында Мұражай заттары мен жинақтарын зерделеу Мұражай қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Нақты Мұражай заты немесе белгілі бір жиынтық – оқшауланған, заттардың ғылыми түрде ұйымдастырылған кешені түріндегі Мұражай жинағы (тақырыптық, жеке, типологиялық және т.с.с.) зерделеу объектісі болып табылады.

Мұражай заты туралы бастапқы ақпарат оны жасақтау мен бастапқы есепке алу (атрибуциялау, актілеу, тіркеу) сатысында қалыптасатыны мәлім. Затты мұражай үшін бейінді жинақтар жүйесіне қосу процесінде оған одан әрі неғұрлым терең және жан-жақты зерделеу жүргізіледі – бастапқы атрибуция деректері нақтыланып, толықтырылады, жаңа ақпарат енгізіліп, зерделеніп отырған заттың толық құрылымы жасалады.

Мұражай заты туралы білім жүйесін қалыптастыруды үздіксіз ғылыми-зерттеу процесі ретінде қарастыруға болады. Мұражай жинағының ғылыми мүқәммалына жазу, коллекцияның құрамын



зерттеу және жіктеу схемасын әзірлеу, жинақтар каталогын баспаға шығаруға дайындау, ғылыми паспортын жасау, ақпаратты Мұражай жинағы деректерінің автоматтандырылған банкіне енгізу, әртүрлі пайдалану нысандары (жарияланым, экспонаттау және т.с.с.) – мұның бәрі ғылыми-ақпараттық әлеуетін ашуға бағытталған затты зерделеудің негізгі кезеңдері.

Мұражай затын зерделеу екі аспектіде: зат адамның мақсатты қызметінің материалданған өнімі ретінде және зат нақты шынайы фактілердің, процестер мен құбылыстардың көрініс табу және жүзеге асу құралы ретінде зерделенеді. Мұражай затын зерделеу процесін схема түрінде былайша көрсетуге болады.

1. Заттың шығуын, функционалдық мақсатын, авторлық тиесілілігін, жасалу және тұрмыста қолданылу күні мен орнын, әлеуметтік, этностық және өзге де байланыстарын сипаттайтын ақпаратты анықтау.

2. Заттың тарихи әлеуметтік-мәдени және өзге де процестермен, құбылыстармен, оқиғалармен және оларға қатысушылармен, сондай-ақ басқа да адамдармен тікелей (генетикалық) байланыстарын тіркеу.

3. Заттың материалдық табиғатын – материалын (негізін) және дайындалу техникасын, құрылысын, конструкциясын, көлемін, салмағын, түсін және басқа да белгілерін айқындау.

4. Көркемдік орындалу стилін, нысанын, өңделуі мен ресімделуін сипаттау.

5. Материалдық негізінің физикалық сақталу дәрежесін, ұзақ уақыт сақтау мен пайдалану мүмкіндіктерін айқындау.

6. Заттың ақпарат берушілік, экспрессивтік, репрезентативтілік қасиеттері мен олардың көрініс табу нысандарын айқындау.

7. Заттың Мұражайлық құндылығын, оның мемориалдылығын, бірегейлігін, мәдени құндылықтар жүйесіндегі рөлі мен орнын айқындау.

Мұражай затын зерделеудің негізгі ғылыми-зерттеу әдістері дегеніміз – айқындау, жіктеу, жүйелеу, интерпретациялау және сипаттау. Сонымен қатар Мұражай практикасында шығу көзін тану, археология, нумизматика, сфрагистика, геральдика, филателия, дипломатика, археография, өнертану сияқты және басқа да алуан түрлі бейінді қосалқы ғылыми пәндерді зерттеу әдістері кеңінен пайдаланылады.

Заттың материалдық және әлеуметтік табиғатын, құндылығын, Мұражайлық қасиеттерін ашып көрсететін айрықша белгілері мен қасиеттерін анықтау және айқындау арқылы заттың жалпы сипаттамасын (оны іздестіру бейнесін) беру атрибуциялаудың

нысаналы мақсаты болып табылады. Заттың шынайы болмысы туралы ақпарат оның түрі мен мазмұнында көрсетіледі және ол Мұражай мамандары атрибуциялау процесінде айқындап, түсіндіретін ерекше белгілер жүйесі арқылы беріледі.

Заттың көзін атрибуциялау зерделеніп отырған заттың утилитарлық мақсаты мен жүзеге асу нысанын – құрылысын, материалдық негізі мен жасалу техникасын, көлемін, салмағын, түсін айқындаудан, фабрикалық белгілерін, таңбаларын, жазбаларын, қолтаңбаларын таратып жазудан басталады. Нысанның көркемдік орындалуы мен оны өңдеу, ресімдеу сипаты мен стилі тіркеліп отырады. Материалдық негізін айқындаумен қатар, жазбаша және суреттеу көздері үшін берілетін ақпараттың мазмұнынан, мағынасынан және мәнінен хабардар болу белгілері, сипаттау көзінің көрініс тапқан және жүзеге асқан тарихи оқиғаға, фактіге генетикалық жақындық дәрежесін сипаттайтын оның репрезентативтілігі, теңтүпнұсқалығы мен шынайылығын куәландыруларды тіркеу ашып көрсетіледі.

Атрибуциялау үшін заттың пайда болуы мен тұрмыста қолданылуын сипаттайтын мынадай белгілердің барлық блогын:

авторының болуын, нысаналы мақсатын, жасалған күні мен орнын, тұрмыста қолданылған ортасын, қоғамдық маңызы бар оқиғалармен, адамдармен байланыстарын анықтаудың шешуші маңызы бар. Мұражай заттарын немесе жинақтарын зерделеу мақсаттары мен міндеттеріне байланысты сипаттау жеткілікті дәрежеде толық әрі жан-жақты болуы немесе мақсатты ақпаратты ғана тіркеуі мүмкін.

Тиісінше, жіктеу арқылы зат туралы білімді синтездей отырып, білім көзі, ғылыми, тарихи, мәдени және қоғамдық маңызы бар өзге де ақпаратты жеткізуші ретінде жалпы ақпараттық құрылымды интерпретациялауға болады.

#### **4. Білім беру ұйымы мұражайының әлеуетті мүмкіндіктері және оның білім беру-тәрбиелеу әсерінің ерекшелігі**

Білім беру ұйымының мұражайлары бейіндік бояуға айтарлықтай бай. Олар – тарихи-өлкетану, көркемөнер, халық тұрмысы мен мәдениетінің, мектеп, білім беру тарихының мұражайлары, жаратылыстану, техникалық және басқа да мұражайлар. Білім беру ұйымының мұражайын Мектептегі мұражайлық-педагогикалық және өлкетану жұмысының орталығы

ретінде қарастырсақ, ол мәдениеттің, тарихтың, ғылым мен білімнің бірегей тоғысу нүктесі болып табылады.

Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдай мұражайларды өз қызметін іске асыруда жаңа тетіктер табуға ұмтылдырады. Бұл олардың тұтынушылар ортасын кеңейту, сондай-ақ өзекті мәселелерді шешу ниеттерінен білінуде. Бұл тетіктерді «іске қосу» мұражайды және басқалардың қатарында оның бірегейлігін дамытудың оңтайлы әдісін іздестірумен байланысты. Бүгінде заманауи мұражай технологиялары деңгейінде өзіндік болмысы мен мүмкіндіктерін іске асырудың оңтайлы әдісі ретінде жанрды айқындау проблемасы ерекше көңіл бөлуді қажет етіп отыр.

Балаларды оқыту процесі мен оларға қосымша білім беру саласына кірігу тәсілі мен деңгейі басты айқындау өлшемшартына айналған бес жанрды атап көрсетуге болады.

Шындығында әрбір Білім беру ұйымының мұражайы белгілі бір конгломератты, әртүрлі сипаттамалар синтезін білдіреді. Мәселе тек олардың иерархиясында, көлемі мен бірдей бағынысты болуында. Бұл жанрлардың әрқайсысына қысқаша сипаттама бермес бұрын, олардың көп жағдайда практикада аралас түрде болатынын ерекше атап өткен жөн.

### **Мұражай экспозициясы (көрме)**

Мұражай экспозициясы интерактивтік пайдалану үшін қол жеткізе бермейтін (жабық витриналар мен шкафтар, қатты ілгіштер) заттардың азды-көпті қалыптасқан кешенін білдіреді. Экспозициялық кеңістік қатаң оқшауландырылған, ол көбіне белгіленген, жеткілікті дәрежеде шектеулі тақырып бойынша экскурсиялар өткізу үшін пайдаланылады. Мұражай материалы процесте ең алдымен иллюстрация ретінде қолданылады және мұндай мұражай көбіне бедел фактісіне айналады.

Бұл жанр функциялар қатарын айтарлықтай көбейтуді қажет етеді және күмәнсіз, оның перспективасы зор.

Келесі үш жанр қазірдің өзінде оқушылардың негізгі немесе қосымша білім беру саласындағы белгілі бір дағдыларын дамытуға, тәжірибесін, білімі мен білігін кеңейтуге айқын түрде бағдарланып отыр. Олар көп жағдайда сол немесе өзге білім саласына немесе өнер жанрына бағдарланған білім беру ұйымдарында жақсы дамиды.

Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің мұражайы – бұл Қазақстанның жаңа тарихының мұражайы. Ол Президенттің 2004 жылғы

28 тамыздағы Жарлығымен құрылды. Мемлекет басшысының бұрынғы Резиденциясының ғимаратында мұражай алғашқы келушілерді 2005 жылғы наурызда қабылдады. Мұражай

экспозицияларында көрініс тапқан негізгі идея – республиканың мемлекеттік егемендігінің қалыптасуы және Бірінші Президент Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз демократиялық мемлекет құрудағы тарихи рөлі. Мұражайда келушілердің кез келген санаттары үшін тақырыптық және шолу экскурсиялары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізіледі. Мұражайды кешенді ғылыми-зерттеу, ғылыми-білім беру мәдени орталығы ретінде дамыту мақсатында ғылыми-зерттеу, экспозициялық-көрме, ақпараттық-баспа, экскурсия қызметін жетілдіруді, сондай-ақ Мұражай педагогикасының бағыттарын кеңейтуді көздейтін Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің мұражайын дамыту тұжырымдамалары әзірленді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-тарихи мұражайында концерт залы, уақытша көрмелер залы бар, сондай-ақ Орталық әскери оркестр және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық ансамблі жұмыс істейді.

Қайталанбас бірегей залдар ғимараттың құрылымдық және сәулеттік келбетінің тағы бір ерекшелігіне айналған экспозициялық залдар болып табылады: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері залы, Мерзімді көрмелер залы, Ежелгі дәуір – ХІХ ғасыр залы, ХХ ғасырдағы әскери тарих залы, ХХ-ХХІ ғасырлардағы қару-жарақ залы, Бейнелеу өнері залы, сондай ақ «Қазақстан әскери ісінің тарихы» атриумы.



### **Мұражай-зертхана**

Мұражай-зертхана мұражай-шеберханаға ұқсайды. Айырмашылығы жинақтардың сипаттамасында ғана, Мұражай өз қызметін осы жинақтардың негізінде жүзеге асырады. Бұл жаратылыстану-ғылымдық және техникалық бейін жинақтарының ауқымы әдетте өте кең болады. Олардың бір бөлігі пән кабинеттерінде орналасқан. Экспозициялық кеңістік зерттеу лабораториялары мен жабдықты қамтиды.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайында қазақтың ұлттық тағамдарын зерделеу лабораториясы құрылатын болады. Бұл қазақтың ұлттық тағамдарын зерделеу лабораториясы ҚР Ұлттық мұражайы жанындағы «Ұлттық игілік» ғылыми-зерттеу институтының құрамына кіреді. 2016 жылғы 30 қаңтарда Ұлттық мұражайдағы кездесуде Қазақ тағамтану академиясының Президенті, академик Төрегелді Шарманов жылқы шаруашылығының және бие сүтінен жасалатын емдік сусын – қымыз өндірісінің маңыздылығын ерекше атап өтті.

«Біз барлығымыз бір мақсатты көздейміз – ол қазақ халқының тарихы мен бай мәдениетін толық әрі жан-жақты зерделеп, кеңінен насихаттау және бүкіл әлемге паш ету. Біз ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тағамдарымыздың маңызды мәнін түсінуге тиіспіз. Мысалға, біз өзіміз әлі күнге дейін жылқы малының қадір-қасиетін жете түсінбейміз, бұл малға тән барлық артықшылықтарды саналы түрде ұғына алмай жүрміз. Біз жылқы малы туралы не білеміз? Біз тек оның етін қолданып, қымызын ішеміз. Ал биенің сүтінен көп нәрсе жасауға болады, алайда, біз күні бүгінге дейін қымыз өндірісін дұрыс жолға қоя алмай отырмыз. Қазір Қазақ тағамтану академиясы бие сүтінен балмұздақ, шоколад және торт сияқты тәтті өнімдер жасайды. Олар адам ағзасы үшін өте пайдалы дәрумендерге бай. Біз, жылқы етін жей отырып, аяусыз оны құртудамыз. Қымыз адам ағзасы үшін өте пайдалы, ол шаршағанды басып, бойды сергітеді. Қымыздың құрамында адамға қуаныш пен рахаттану сезімін сыйлайтын дәрумендер бар» - деді Т. Шарманов.

Мұражай-театр экспозициясы, әдетте, өте шағын және статикалық болып келеді, үйірме қызметінің дамыған түрлері үшін ол демеу болады. Ол мектеп театрының жұмысымен үйлесімді жарасады, елтану сабағын жүргізуге, әрбір халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін зерделеп, тілін үйренуге және өзге де нәрселерге негіз болады. Мұражай-театр қорларында театр костюмдары, театр қойылымдары туралы фото-және киноқұжаттар, афишалар, театр тарихының жылнамалары, журналдар мен газеттер шығарылымдары, зерделеніп отырған елдің мәдениеті немесе салт дәстүрі жөніндегі рефераттар, музыкалық жазбалар және басқа да заттар болады.



Мысалы, 2015 жылғы 30 қазанда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік Мұражайы мен ҚХР Тан династиясының ежелгі батыс нарығының Сиань Мұражайының мәдени және ғылыми ынтымақтастығы шеңберінде «Ұлы Жібек жолының тарихы» — Шэньси провинциясының көлеңкелер театры бірлескен жобасы ұсынылды. «Көлеңкелер театры» Азияда 1700 жыл бұрын пайда болған көрнекі өнер түрін білдіреді. Көлеңкелер театрының өнерін Қытайдың, Чан ань қаласында (қазіргі Сиань) Батыс Хань династиясында пайда болған өнердің «телевизиялық» түрінің негізін қалаушы деп те атауға болады. XIII ғасырда Көлеңкелер театры «көлеңкелердің қытайлық жарығы» деп аталып, батыс Азия мен Еуропаға таралды. ЮНЕСКО Комитетінің шешімімен 2003 жылдан бастап Көлеңкелер театры материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілді. Ол Қытай үкіметі мен халқының қорғауында және әлемдік қоғамдастықтың үлкен қызығушылығын тудырып отыр.

Бүгінгі күні мұражайлық мерекелер бейініне, тақырыбына, жанрына, қызмет түрлеріне қарай алуан түрлі. Олардың кейбіреулері тарихи-өлкетану зерттеулеріне шоғырланса, екіншілері әскери тақырып экспозицияларына, үшінші бір түрі – халық қолөнері мен көркемөнер кәсіпшіліктерінің тарихы мен дамуына арналған. Білім беру ұйымдарының мұражайлары базасында фольклорлық ұжымдар, сән театрлары, қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен клубтар жұмыс істей алады. Бірақ мұражай белсенділерінің қызметі неге бағытталса да, оны процестік тұрғыдан біріктіріп тұратын бір нәрсе бар. Ойындар мен мерекелер – тұлғаның жоғары тиімділігі мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін қызмет саласы. Ойын түріндегі мереке мәдениеті – мәдени-тарихи даму көрсеткіші және ұрпақтар сабақтастығы түрлерінің бірі, ол сан қырлы әрі көп мағыналы. Мереке – бұл ақпарат беру тәсілдерінің бірі, оқу-зерттеу қызметі, тынығу, демалу, табиғи болмысты толықтыра түсу, тілдесу және еркіндік, яғни адамға қажетті нәрсенің барлығы деуге болады. Халықтық мейрамдар мен салттарда ойынның, қайта жанданудың, қарапайым заттар мен іс-әрекеттің осы уақыт аралығындағы тиісті белгіні білдіру ролі әрдайым да орасан зор. Олардың ойындарымен музыка, поэзия, би, театр өсіп қалыптасты.



Мәселен, ойын түріндегі мерекелік дәстүр – мәдениет пен тарихтың даму тетігі, тұлғаның қалыптасу факторы, шығармашылық элементі, өзін-өзі дамыту мен дербестік үшін қорек беретін негізді қалыптастырады. Мерекеге қатысушы көрермен ойын арқылы мәдени-тарихи мұраға баулу рәсімдерінің ішінде бола отырып, мәдениеттің жаңа коммуникативтік кеңістігіне тап болады.

### **Мұражайлық мереке**

Мұражайлық мереке – бұл ойынның, театрландырудың, ерекше атрибутиканы қолданудың, рәсімдердің арқасында эмоциялық әсерді күшейтетін аудиторияны белсенді етудің алуан түрлі тәсілдеріне негізделген мәдени-білімдік қызметтің кешенді нысаны. Ол мұражай белсенділерінің, әртүрлі көркемөнерпаздар үйірмелерінің, ерікті көмекшілердің қатысуымен алдын ала әзірленген сценарий бойынша өткізіледі. Мұражайлық мереке бұқаралық сипатқа ие, онда мұражай заттары мен жинақтары кеңінен пайдаланылады.

Мұражайлық мерекелер тақырыбына қарай тақырыптық, фольклорлық, әдеби, әскери-тарихи, кәсіптік мерекелер немесе жұмысты қорытындылайтын, мысалы, үйірме, студия және т.с.с. түрінде өткізіледі. Мектептердегі мұражайлық мерекелерді болмыстарына қарай кешенді деп атауға болады: оларда фольклордың, тарихтың, әдебиеттің, географияның, өлкетанудың элементтері, атқарылған жұмыс туралы есеп және т.с.с. бір- бірімен сабақтасып жатады. Мереке есеп беру көрмелерін дайындауды, конкурстар мен викториналар өткізуді, костюмделген нөмірлер мен театрландырылған қойылымдарды қамтуы мүмкін.

18 мамыр – бүкіл әлемде Халықаралық мұражайлар күні атап өтіледі. Бұл күн мәдени оқиғалар күнтізбесінде 1977 жылы пайда болды. Ол Халықаралық мұражайлар кеңесінің бас конференциясында бекітілді. Сол кезден бастап бұл күнді жыл сайын экспонаттары сыр шертетін тарихы бар барлық жерде, оның ішінде Қазақстанда да атап өтеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы «Мұражайлар түні» акциясын өткізген кезде келушілер назарына «Алтын адам», «Таксай ханшайымы», «Сарман жауынгері», алғашқы қоғам адамы сияқты мұражайдың «тірі» экспонаттарын ұсынады. Экспозициялық залдарда «Алтын адам» туралы аңыздың театрландырылған көрсетілімі, сондай-ақ тақырыптық экскурсиялар, викториналар, Халықаралық мұражайлар күніне арналған концерт өткізіледі.

Мереке сценарийді қажет етеді. «Сценарий» деген сөз – бұл драмалық шығарма жоспары, сценалық қимылдың уақытын көрсетумен қатысатын адамдардың тізімі, теориялық материалдың

немесе ресімдеу сәттері көрсетілген әдеби шығарманың қысқаша баяндалуы.

**Мұражайлық сценарий** – оқиға желісінің схемасы, ол мерекенің тақырыбы қалай ашылатынын, оқиғаға қандай персонаждар, адамдар, аңыздар мен ертегілер кейіпкерлері, мұражай заттары қатысуға тиіс екендігін, олардың қандай әлеуметтік рөлдерді ойнайтынын, қашан және қандай қосымша көркемөнер тәсілдері, объектілер пайдаланылатынын, іс- әрекет салдарының және олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстардың қандай болатынын айқындайды. Сценарийде мерекенің жалпы құрылымы айқындалады: кіріспе бөлігі, шарықтау сәттері, аяқталуы. Сценарий оқиға желісінің схемасын жалпылайды және әрекет етуде басшылыққа алынады. Ол белгілі бір бағыт беріп, негізгі орындаушылар мен мерекелік іс-қимылдың кезеңдерін белгілейді. Сценарийде жазылған схемада мақсаты барлық қатысушыларды мереке мәдениетіне баулу болып табылатын мерекенің шығармашылық құрамдас бөлігіне, оның импровизациялық мәніне де көңіл бөлінеді.

Мерекенің ауқымы қандай болса да, оны дайындау және өткізу процесінің түпкі негізінде белгілі бір реттілік пен қисындылықтың болғаны маңызды. Мерекелік іс-қимылды дайындау мен өткізудің негізгі кезеңдері.

Мерекеге дайындық оған қатысушыларды және басқа да субъектілерді айқындай отырып, оны бұқаралық ақпарат құралдарында, баспасөз конференцияларында жарнамалаудан, болашақ конкурстар мен викториналардың шарттарын жариялаудан басталады. Жарнама акциясын ұйымдастырушылар өткізеді.

Мұражайлық мерекені шағын адамдар тобы да ұйымдастыра алады, бірақ мереке жақсы өту үшін жұмыстың белгілі бір учаскелеріне жауаптыларды нақты бөлген жөн.

Мерекені ұйымдастыруға мыналар қатысады:

**Ұйымдастырушы немесе жобаның менеджері** жобаға жалпы басшылық жасайды, барлық негізгі қатысушылардың жұмысын үйлестіреді, жұмыс кестесіне және репетициялардың өткізілуіне, жарнамаға жауапты болып, ерікті көмекшілер ұжымын құрады, мереке кезіндегі кезекшілерді тағайындайды.

**Сценарист** мерекенің сценарийіне жауапты.

**Суретші** мерекелік іс-қимылдың көрнекі қатарын, бас персонаждар костюмдерінің, афишалардың, шақыру билетінің элементтерін, эмблемаларды және т.с.с. безендіруге жауапты.

**Жарық және дыбыс режиссері** мерекенің музыкалық және жарықпен безендірілуіне және барлық техникалық құралдардың жұмысына жауапты болады.



**Баспасөз өкілі** мерекенің дайындалуы мен өткізілуінің барлық кезеңдерін БАҚ-та жариялап, шығарылатын өнімнің мерекелік шығарылымын әзірлеу үшін командалардан интервью алады.

**Фотограф-кинорепортер** мерекенің дайындалуы мен өткізілуінің барлық кезеңдерін фото немесе бейнетүсірілімге түсіріп, шығарылатын өнімнің шығарылымын дайындауға қатысады.

**Конкурстар мен викториналар менеджері** конкурстарға арналған сұрақтарды дайындаумен айналысады, сондай-ақ олардың өткізілуі мен марапаттауды ұйымдастыруға жауапты болады. Команданың әрбір қатысушысы өз бейіні бойынша: ғылыми (әдеби, тарихи) негіз, фольклорлық және әндер материалы, өлеңдер, проза, мерекенің музыкалық және жарық беру партитурасы, көркемдік ресімдеу элементтері (иллюстративтік материал, костюмдердің үлгілері) бойынша қажетті ақпарат жинауға қатысады.

Мерекеде мұражай материалын барынша қолданған өте маңызды. Мереке сахнасының кейіпкерлері ғана емес, сонымен қатар мереке аясында символдық мәнге және белгілік сипатқа ие болатын алуан түрлі заттар да мереке «персонаждары» бола алады. Барлық ұсыныстар негізінде команда «ой шабуылын» өткізеді – идеялар, қызықты сюжеттік іс-қимылдар, эпизодтар, сондай-ақ мерекенің эмблемасы, ұраны ұсынылады.

### **Сценариймен жұмыс**

Команданың қатысушылары іріктеген материалдар мен «ой шабуылының» нәтижелері негізінде ғылыми-зерттеу іс-шарасының сценарийі жазылады. Сценарийде оқиға желісінің схемасы немесе жоспарлы іс-шара және өзгелері негізге алынуы мүмкін.

Сценарий – бұл іс-шараның атауын, негізгі қатысушы адамдардың тізбесін, негізгі эпизодтарды қамтитын нақтыланған және егжей-тегжейленген іс-қимылдар жоспары. Эпизодтардың әрқайсысы рөлдер бойынша жазылып, мизансценаларды, яғни іс-әрекеттің қай жерде болып жатқанын көрсете отырып, негізгі мәтіндермен (жетекші және басты кейіпкерлердің мәтіндерін қоса алғанда) қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар әрбір эпизодтағы музыкамен және жарықпен сүйемелдеулер нақты белгіленіп, мұражай заттарының «сахнаға шығуы» нақтыланады.

Ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындылары міндетті түрде БАҚ-та, конкурс жеңімпаздарының көрмелерінде жарияланады. Мұражай әкімшілігі тарапынан ғылыми-зерттеу жобасының ең үздік қатысушыларын марапаттау мен көтермелеу туралы ақпараттың болғаны да өте орынды. Жыл сайын өткізілуі мүмкін іс-шараны жүргізу дәстүрін қалыптастыру мақсатында ғылыми-зерттеу қызметін қорытындылау ұйымдастырылады.

Барлық ілеспе материалдар (фотосуреттер, сценарий мәтіні, конкурстардың нәтижелері және өзгелері) мұражайдың қорларына түседі және зерттеліп отырған тақырып бойынша құжаттық куәліктерге айналады.

#### **4.1. Мұражайдың оқу-әдістемелік процеске кірігуі**

Егер мұражайды Мұражайлық-зерттеу жұмысы орталығы ретінде қарастыратын болсақ, онда, біріншіден, оның ғылыми маңызы бар және эстетикалық тәрбие беретін орта құрудағы жауапкершілігін мойындаған жөн. Білім беру ұйымының мұражайы өз көрмелерін кез келген кеңістікте, аудиторияларда, кластарда, шеберханаларда ұйымдастыра алады. Екіншіден, білім беру ұйымы мұражайының міндеті көрнекі құралдар қорын жасақтау және оны педагогтер билігіне беру болып табылады. Сонымен қатар шет елдерде көптеген мемлекеттік немесе жекеменшік мұражайлар педагогке көмек ретінде көрнекі құралдардың арнайы жиынтықтарын жасайды.

Қазіргі заманғы білім беру ұйымы, онымен бірге мұражай да, жұртшылықпен байланыс жүйесін шебер меңгерген. Бұл жерде мұражай өміріне үлес қоса алатындардың барлығымен мықты әріптестік қарым-қатынастар орнату керектігі сөз болып отыр. Бұдан білім беру ұйымы мұражайының әрқашанда көптеген адамдардың өтеусіз күш-жігері мен бастамасының жемісін білдіретін тарихи дәстүрді табиғи түрде жалғастырып келетіні көрініп отыр. Қазақстанның көптеген мектеп мұражайларын құру тәжірибесі бұл дәстүрдің өшпейтінін айғақтайды. Білім беру ұйымының мұражайы қоғамдық бастама бола отырып, аса ауқымды әрі алуан түрлі байланыстарсыз өмір сүре алмайды. Бұл жерде білім беру қызметіндегі әріптестермен (Білім басқармасы, ғылыми-әдістемелік кеңестер, педагогтер) ғана емес, сонымен қатар облыс аумағындағы өнеркәсіп орындарымен, ұйымдармен, оқу орындарымен, жергілікті БАҚ-пен, сондай-ақ елді мекендердің тұрғындарымен байланыстар жөнінде айтылып отыр.

Қоғамдық байланыстар жүйесінде білім алушылардың отбасылары, сондай-ақ мұражайларға әртүрлі көмек көрсететін мектеп түлектері де ерекше рөл атқарады. «Сіз мұражайларыңыздың жұмысына кімдерді тартар едіңіз?» деген сауалнама сұрағына практикада қалыптасқан, отбасымен ынтымақты түрде жұмыс істеу тәжірибесін растай отырып, білім алушылардың 50%-ы ата-аналарын мұражайдың ең бірінші көмекшілері деп атады.

Қоғамдық байланыстар жүйесін бекіту үшін қоғамдық Жәрдем көрсету кеңестерін немесе Мұражай достарының қоғамдарын құра отырып, көптеген шетелдік мұражайлар жүретін жолмен жүрген орынды.

Білім беру ұйымы мұражайының басқа субъектілермен, мысалы, әріптестермен, Жәрдем көрсету кеңесінің мүшелерімен байланыстары өзара тиімді болуы тиіс. Бір қарағанда, бұл жағдайда мұражайдың пайдасы ғана көзделетін сияқты. Ол нақты көмекті: қоғам өкілдері мен ата-аналардың зерттеу жұмысын жүргізуге, қорларды жасақтауға, экспонаттар дайындауға, жабдық сатып алуға немесе беруге қатысуын, көлік қызметтерін, БАҚ-қа жарияланымдар беруді және өзгелерін білдіреді. Алайда мұражай әріптестері үшін олармен ынтымақтастық та маңызды болуы мүмкін. Бұл ұйымның немесе меценат ретінде көмек көрсететін адамның мәртебесі мен беделін көтереді, ол қайырымдылық, зерттеу, жарнамалық және басқа да мақсаттарда оның имиджін нығайту тұрғысынан аса маңызды болуы мүмкін. Қорыта айтқанда, меценат ауданға жақын жерде тұратын болса, сол жерде тұратын балалардың тағдырына немқұрайлы қарайды да, балалар қалыптасатын әлеуметтік-мәдени ортаның рөлі тереңірек сезіледі. Бұл ортаның бір бөлігі білім беру ұйымы мен оның мұражайы болып табылады.

Әлеуетті әріптеспен қарым-қатынас орната отырып, мәдениет пен білімге қолдау көрсетуде меценаттықты дамыту маңызды. Перспективада жауапты қадамдар жасау үшін және заттаңбаларда экспонаттарды сыйлаушылардың аттарын көрсету, естелік дипломдар табыс ету, аннотацияларда, жарнама материалдары мен жарияланымдарда және басқаларында нақты аттар мен фирмаларды атап көрсету түрінде алғысты жария түрде білдіру үшін шаралар қабылдаған орынды.

Мектеп мұражайлары бір-біріне аса ұқсамайтын ұйымдарды біріктіретін топты білдіреді. Оларды мәдени мұраны сақтауға бағытталған энтузиазм біріктіреді.

## **4.2. Мұражайлардағы өлкетану жұмысы**

Соңғы онжылдықта мұражайдың жай-күйін сипаттайтын ахуалды былайша айқындауға болады:

мұражайлар көбінесе білім беру функцияларын жоғалтып отыр;  
мұражайлардың басым бөлігі аясы шектелген тақырып бойынша жұмыс істейді;

өңірлік тарихқа жеткілікті көңіл бөлінбейді, өлкетану әлеуеті аз пайдаланылады;

мұражайлар қызметінде балалар шығармашылығының мүмкіндіктері қолданылмайды.

Сонымен бірге, соңғы жылдары өлкетану жұмыстары біршама жандануда. Ғылыми зерттеулердің жаңа тақырыптары пайда болды.

Қазіргі сәтте отандық және шетелдік мұражайлар, білім беру ұйымдарының көп жылдар бойы жинақталған жұмыс тәжірибелерін ескере отырып, тұжырымдамалық деңгейде олардың даму жолын айқындау, олардың қызметін оңтайландыру өте маңызды.

Мектеп мұражайы – қосымша білім беру және тәрбиелеу нысаны ретінде өсіп келе жатқан ұрпақты өз Отанының тарихына бейімдеуді басты мақсат етіп қояды. Тәрбиелеу және ғылыми-танымдық құндылығы бар табиғат пен қоғам тарихы бойынша дереккөз материалдарын жинау, зерттеу, өңдеу, ресімдеу және насихаттау процесінде оқушылардың белсенділік, шығармашылық, бірлескен авторлық қабілеттері дами бастайды.

Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі мен экология орталығының балалар туризмі тарихының мұражайы педагогтер мен оқушылардың өлкетану-ізвестіру қызметі процесінде құрылды. Оқушылар өздерінің педагогтерімен бірге тарихты зерделеді, ардагерлермен кездесті, ізвестіру қызметін жүргізді, туған өлкелерінде жорыққа, экскурсияға, экспедицияға шықты. Мұражайдың басты мақсаты – кейінгі ұрпаққа тарихи құндылығы бар түпнұсқалар мен алғашқы дереккөздерді сақтап қалу. Қазіргі уақытта мұражай 800-ден астам данада мұражай заттары бар қор жинағына ие, олар екі залда және ыңғайлы сақтау орындарында орналасқан.

Балалар туризмі тарихының мұражайы екі залдан тұрады:

«Орал өңірі – балалар туризмінің өлкесі»;

«Менің Отаным – Қазақстан».

Мұражай экспонаттары туризм мен өлкетану ардагерлері, Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі мен өлкетану орталығының шығармашылық ұжымы, Орал өңірі педагогтерінің барлық ұжымының, әртүрлі ұрпақтарының жартығасырлық мақсатқа бағытталған және жемісті жұмысының қорытындысы болып табылатын жетістіктері туралы айтады. Мұражайда Орал өңірі мектеп оқушыларының туристік-өлкетану қызметін бейнелейтін көрнекі, заттай және жазбаша дереккөздер, құжаттар, альбомдар, түпнұсқалы көрнекі-бейнелік және графикалық материалдар, сондай-ақ Орал өңірінің балалар туризмін дамыту ісіне көп үлес қосқан жекелеген тұлғаларға арналған экспозициялар, стендтер бар.

Олардың ішінде: А.А. Остапец-Свешников – Халықаралық Москва балалар-жасөспірімдер туризмі мен өлкетану академиясының президенті, профессор, тарих ғылымдарының докторы; Т. Жездібаев, С. Абдамбаев – республикада туризм мен өлкетанудың негізін қалаушылар. К. Жұбанышалиев, А. Панченко – өз ісінің педагог-энтузиастары. Мұражайда – туған өлкенің туризм, өлкетану және экология тарихын жария ететін туристік жорықтар мен экскурсиялардың, экспедициялардың түпнұсқа құжаттары, жеке заттары, схемалары мен фотосуреттері, туристік-өлкетану және экологиялық іс-шаралар материалдары, журналдары, кітаптары бар.

«Туған өлкенің табиғаты» диорамасы облыстың туристік-өлкетану және экологиялық қызметін және өңір табиғатының сұлулығын ашады. Мұражайдың барлық экспонаттарын өте қымбат деп санауға болады, себебі олар мұражайға тегін келді, яғни оларды туған Орал өңіріне жорықтар, экспедициялар уақытында туыстары, жақындары немесе үйірме басшылары сыйлаған.

Мұражайда патефон, «Альфа» кинокамерасы, «Орал» портативті радиостанциясы, тұрмыстық заттар, азаматтық соғыс уақытындағы қару бөлшектері, пионер ұйымдарының горны мен барабаны, төсбелгілер, шақыру билеттері, вымпелдер, ресми мекемелер берген әртүрлі құжаттар, мысалы паспорт, дипломдар, грамоталар сияқты сирек кездесетін заттай дереккөздер бар. Мұражайда әртүрлі уақытта және әртүрлі адамдар түсірген, өткен оқиғалар, оған қатысқан мектеп оқушылары мен педагогтер туралы айтатын көптеген фотографиялар бар.

Мұражай жұмысының үлгісінде оқыту мен тәрбиені біріктіруге, өткен мен болашаққа үңілуге жәрдемдесетін көпір болып табылатынын, педагогтерге оқыту-тәрбиелеу процесінде көмек болатынын атап өтуге болады.

Осы облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі мен экология орталығы мұражайлармен әдістемелік және практикалық жұмыс жүргізуді, сондай-ақ олардың басшыларын мұражай ісінің негіздеріне оқытуды жүзеге асырады. Қазіргі уақытта облыстың білім беру ұйымдарында 117 мектеп мұражайы жұмыс істейді. Үздіктердің арасынан Ақжайық ауданының М.Өтемісов атындағы мектебінің «Жерұйық» мұражайын (басшысы – Әлпейісов Ж.), Қаратөбе ауданының Егіндікөл мектебін (басшысы – Есенова А.), Қазтал ауданының К. Мендалиев атындағы мектебінің (басшысы – Мұқанов Б.), Теректі ауданының Ы. Алтынсарин атындағы мектебінің (басшысы – Каюпов Б.), Қ.Аманжолов атындағы мектептің (басшысы – Аталықова К.), Зеленое ауданының Макаров мектебінің (басшысы – Осипова О.М.) мұражайларын атауға болады.

Мектеп мұражайлары басшыларының құзыреттілігін арттыру мақсатында мұражай қозғалысын дамыту үшін «Өсіп келе жатқан ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеудегі мектеп мұражайының рөлі», «Өлкетану – тарихты тану жолы» деген семинар-практикумдар өтеді.

Мектеп мұражайларының қызметін жетілдіру, жұмыс тәжірибелерін жинақтау мақсатында жыл сайын «Әр білім беру ұйымында - мұражай» деген акция өтеді. Акция шеңберінде жыл сайын орталықта мектеп мұражайы белсенділерінің конкурсы, мектеп мұражайларының байқауы, үздік мектеп мұражайының конкурсы өтеді, мұнда түрлі бейіндегі 13 мұражай ұсынылған, бұл қазіргі уақытта мұражайлар желісінің нақты қалыптасу картинасын бейнелейді: өлкетану және кешенді, әскери-тарихи, мектеп тарихы, экологиялық, этнографиялық.

Конкурстарда мұражайды таныстыру, балалардың мұражай терминологиясын білуі қамтылады. Аталған конкурстарда оқушылар мазмұнды, нысаны жағынан жарқын қойылымдар қояды. Мұндай конкурстар мұражай саласындағы үздіктерді анықтап қана қоймай, білім беру ұйымдарында мұражайларды одан әрі дамыту бағытын белгілеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Мұражай және балалар» көрмесі сияқты мектеп мұражайларын таныстыру және әйгілеу нысаны да сынақтан өтті. Өткеннен қалған орасан зор тарихи-мәдени мұра өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің көзі болуы тиіс және бұл жұмыстағы маңызды рөл мұражайларға тиесілі.

Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі мен экология орталығының балалар туризмі тарихының мұражайы патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу орталығы, барлық халықтың «тарихи естелік кітабы» болды және танымдық процесте маңызды рөл атқарады.

### **Өлкетану жұмыстарының бағыты**

Мұражай бейініне қарамастан, отбасы тақырыбы басты зерттеу жұмыстарының бірі бола алады. Бүгінде әртүрлі себептерге байланысты көптеген отбасыларда ата-бабаларының мұрағаты (хаттар, құжаттар, жеке істер, марапаттар және т.б.) сақталмаған, қандай да бір зат сақталса да, олар қоғамға ашық ұсынылмаған. Бүгінде отбасы өміріне мұражай мәдениетінің элементтерін енгізу, отбасы топтамаларын, үй мұрағатын қалыптастыруға көмек көрсету өте өзекті.

### **Ру шежіресі**

Ру шежіресі түрінде өз руының қарапайым схемасын қалыптастыру білім алушыға, тіпті жас балаларға да қолдан келерлік іс. Қарапайым әдістемелер генеалогиялық дереккөздермен бірге

зерттеу тәсілдерін үйретуге мүмкіндік береді. Осы саладағы бірлескен қызмет үй мұрағатының құнды жәдігерлерін сақтап қалуға мүмкіндік береді, әртүрлі ұрпақтың адамдарын біріктіреді.

### **Отбасылық жәдігерлер мен аңыздар**

Отбасылық жәдігерлерге ерекше назар аудару – өлкетанудың ең маңызды міндеті. Ең бастысы отбасы мұраларының ішінен анағұрлым құнды заттарды: қызықты оқиғаларды айтуға болатын әртүрлі құжаттарды, куәліктерді, марапаттарды, хаттарды, үй тұрмысының қызықты заттарын анықтау және оларды сипаттау керек. Отбасы жылнамасының алғашқы парақтары барынша жарқын естеліктер қалдырады. Балалар үшін зерттеу тапсырмалары – аталар мен әжелердің өз өмірлері туралы айтқан әңгімелерін жазып алу өзекті. Тікелей отбасымен байланысы жоқ сияқты көрінетін кез келген тақырыпты зерделеу кезінде отбасы проблемасын да қозғау керек. Еңбек сіңірген жерлестердің (жазушылар, соғыс немесе еңбек ерлері) жалпы биографиялық мәліметтері туралы айта отырып, олардың жастық шақтары, биографияларының қызықты фактілері туралы да еске салу орынды.

### **Ел тағдырындағы отбасы тағдырлары**

Көптеген балалар өз ата-аналарының, аталары мен әжелерінің қай жерде жұмыс істейтінін білмейді, олардың жастық шақтары өткен жерлерде, әулет зиратында ешқашан болмаған. Бұл тағы да бір адамдарды ажыратушы фактор. Жақын адамдарының өмірі өткен қала көшелерімен таныса отырып, жас тұрғындар өз туған өлкесін тереңірек, жан-тәнімен түсіне біледі, туғандарымен аралары жақындай түседі. Осы жылы сезімдерді бірге фотоға түсу, туғандардың өмір сүрген орындарын сипаттау одан да тереңдете түседі. Осындай уақыт өткізу бос уақыттың негізгі түрлеріне айналса, тіпті тамаша.

### **Отбасылық мұрағат**

Егер әр адам үшін үй мұражайы алғашқы мұражай болса, танымдық маңызы арта түспек. Өлкетанушы көзқарасы тұрғысынан қызықты заттарды анықтай отырып, жас зерттеушілер отбасының үлкен мүшелерімен бірге отбасы мұрағатын қалыптастыруға кірісе алады. Конверттер, тақырыптық папкалар басталып, жазулар жазылады, шағын қораптарға заттар толтырылады, «аңыздар» құрылады. Біртіндеп шағын үй мұражайы үшін негіз қаланады.

Мектеп мұражайы кейіннен отбасыға қайтара отырып, көрмелер үшін барынша қызықты материалдарды іріктеп ала алады. Бұл жағдайда олар мұражайда есепке алынуы немесе тұрақты сақталуға қабылдануы, яғни негізгі қорға қосылуы мүмкін. Көрмелердің үлгі тақырыптары: «Біздің отбасылық жәдігерлеріміз»,

«Менің үйімдегі орден», «Ескі фотосурет», «Біздің ата-аналарымыздың кәсібі» және т.б. Нәтижесінде өлкетану жұмысы отбасы беделін арттыруға ықпал етеді, туыстық байланысты нығайтады, өз әулеті үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

### **Мектеп жылнамасы**

Әр адам мектепте оқыған адамдар туралы немесе қалай да болмасын сонымен байланысты естелік қоймасы болуы мүмкін мектептен өтеді. Мектепте жиналған материалдар уақыт өте келе өткен дәуірдің құнсыз жетістігі болып қалады. Бұл жерде мұғалімдер мен оқушылардан басқа ешкім толыққанды жылнаманы жасай алмайды. Осыған байланысты мынадай материалдарды жинаған орынды:

жұмыс істеп тұрған мектептің әр жылдардағы суреті – суреттер, фотосуреттер, жоспарлар, макеттер;

жұмыс істеп тұрған мектептің бірінші жылынан бастап мұғалімдер мен оқушылардың фотосуреттері;

процесс ретінде мектеп өмірінің куәсі – білім беру жылнамасы; түрлі уақыттағы мектеп өмірінің құралдары – оқулықтар, күнделіктер, қаламдар, дәптерлер және т.б.;

балалар шығармалары, шығармашылық жұмыстар.

Балалардың мектеп жылдарын қалай қабылдағанын бейнелеу өте маңызды. Бірнеше сыныпқа жергілікті жылнамашылар болуды және анағұрлым есте қаларлық басты оқиғаларды хронологиялық дәйектілікпен жазып отыруды тапсыруға болады. Бұл толық мағынасында балалардың мектеп жылнамасы болады. Ең аз авторлық түзету авторлық стильді, балалардың алған әсерін, жас азаматтардың құштарлықтарын және қызығушылықтарын барынша сақтап қалуға мүмкіндік береді. Мектеп альманахы сияқты әдеби шығармашылық нысаны өзектілігін жоя қойған жоқ. Мұнда мынадай бөлімдер болуы мүмкін: «Күннен күнге», «Ең қызықтылары», «Біздің мектеп тарихынан», «Сыныптар жаңалығы», «Менің отбасымда» және т.б. Мұндай альманахтың редакторы ең белсенді мектеп өлкетанушысы, мұражай активтерінің мүшесі болуы мүмкін.

### **Туған өлке**

Туған өлке деген түсінік мұражай-өлкетану қызметіне қатысты бір қарағанда көрінетіндей, біржақты қолданылмайды. Туған өлке – жас өлкетанушы білуі тиіс жердің, елдің оқшауланған, назарға алынатын бір бөлігі. Алайда оның қиындығы қоршаған ортаның алуан түрлі, көп қырлы болып келетіні, бұл жерде не өз-өзін жоғалтып алу не өзге де қызықты және маңызды жағдайларды ұмытып, аясы тым тар тақырыпты таңдау болып табылады.



Әлеуметтік естелік институты ретінде мұражайдың стратегиялық міндеті – замандастар мен ұрпақтарға тарихи, көркем не өзге де құндылықтары бар түпнұсқаларды, бастапқы дереккөздерді сақтап қалу. Білім беру ұйымдары мұражайының құрамдас бөліктерінің бірі – туған өлке тарихы мен табиғаты жөнінде негізгі ақпарат жинау. Екінші – балалар шығармашылығының көрініс табуы, мұражай кәсібінің бастауларын жинақтау мүмкіндігі. Балалар шығармашылығының осы жемісін батыл түрде экспозицияға енгізуге болады. Мысалы, әйгілі тарихи қайраткер портретінің қасына қазіргі мектеп оқушысы салған оның бейнесін іліп қоюға болады. Үлкендердің «Қолмен тиісуге болмайды!» деген мұражай қағидасы «Қолмен ұстауға болады!» деген рұқсатқа ауысады. Бұл ретте, ойын шегін нақты белгілеу керек: нені ұстауға болады, нені болмайды. Мұражай мәдениетін тәрбиелеу - мектеп мұражайының маңызды міндеті.

Сонымен, мектептегі мұражай шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамыту құралы бола бастады, жеке тұлғаға бағдарланған тәрбие мен білім беруге бастамашылық жасайды, жергілікті мәдени-ғылыми, тарихи дәстүрлерді дамыту жөніндегі шағын зерттеу орталығы болып табылады, ұрпақтар диалогына қатысады.

## Глоссарий

**Мектеп мұражайын зерттеп тексеру актісі** – мектеп мұражайларын паспорттандыру жөніндегі комиссия жасайтын заңды құжат. Актіде мұражай қызметіне баға беріледі және паспорт пен тиісті нөмірлік куәлік беріле отырып, мектеп мұражайы мәртебесін берудің орындылығы туралы қорытынды шығарылады.

**Қабылдау актісі** – мұражайдың мұражай заттарын немесе ғылыми-көмекші материалдарды олардың иелерінен тұрақты немесе уақытша сақтауға қабылдап алу фактісін растайтын заңды құжат.

**Қордың бар-жоғын салыстырып тексеру актісі** – мұражайда сақталатын қордың бар-жоғын түсімдер кітабындағы жазбалармен салыстырып тексеру қорытындылары бойынша жасалған заңды құжат. Мектеп мұражайларындағы қорлардың бар-жоғын салыстырып тексеру әдетте, кезекті құжаттандыру кезінде жүргізіледі. Комиссияның барлық мүшелері актіге қол қояды және жоғары тұрған ұйымның мөрімен бекітіледі.

**Мектеп мұражайының активі** – осы мұражайдың жұмысына қатысатын оқушылар мен педагогтердің, қоғам белсенділерінің тобы. Активтер ішінен мұражай кеңесі сайланады.

**Мұражай мұрағаты** – мұражай қызметі процесінде дайындалған құжаттар сақталатын мұражай бөлімшесі (жоспарлар, есептер, пікірлер кітабы, экспедициялар, көрмелер материалы, мерекелер мен өзге іс-шаралар сценарийлері).

**Атрибуция** – мұражай затының атауын, мақсатын, құрылғысын, материалын, мөлшерін, даярлау техникасын, оны дайындауды, авторлықты, хронологиясы мен жасау географиясын, қолданылуын айқындайтын негізгі белгілерді анықтау.

**Мұражай затының аттрактивтілігі** – мұражай затының жалпы қасиеттерінің бірі; мұражай затының өз сыртқы ерекшеліктерімен (пішіні, мөлшері, түсі), сондай-ақ тарихи, көркем, мемориалдық құндылығымен келушінің назарын тарту қабілеті.

**Мұражай аудиториясы** – мұражайға қызығушылық білдіретін адамдар бірлестігі. Әлеуметтік-демографиялық белгілері жағынан (кәсібі, жасы, білімі және т.б.), мұражайға қатысы бойынша белсенділігі тұрғысынан (тұрақты және уақытша, нақты және әлеуетті) сипатталады. Жылжымалы сипатқа ие: қатысушылар саны, қабылдау деңгейі жағынан өзгеріп тұрады.

**Мұражай кітапханасы** – мұражайдың табысты жұмыс істеуі үшін қажет әдебиеттер жинағы. Арнайы мұражайтану әдебиеті мен мұражай бейіні жөніндегі әдебиетті қамтиды.

**Биотоп** – мұражайларда жаратылыстану-ғылыми бейін бойынша жасалатын немесе өзге бейінді мұражайларда (мысалы, өлкетану) жаратылыстану-ғылыми экспозицияларда жасалатын экспозициялық кешен; өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің экологиялық ерекшеліктерін бейнелейді.

**Буклет** – жарнамалық сипаттағы мұражай басылымы. Мәтіннің қарапайым болуымен және көлемінің шағын болуымен ерекшеленеді. Әдетте перде түрінде жиналған тығыз қағаз параққа басылады.

**Кіріспе залы** – мұражай экспозициясының алдындағы бөлме. Кіріспе залында мұражай, оның экспозициясы туралы бастапқы ақпарат орналастырылады. Ол келушілерді мұражайды анағұрлым толық қабылдауға дайындауға, белгілі бір көңіл-күй орнатуға арналған.

**Вернисаж** – мұражайдың, көрменің салтанатты ашылуы.

**Заттай дереккөздер** – мұражай заттарының негізгі түрлерінің бірі. Адам өз тыныс-тіршілігі процесінде дайындаған заттарды қамтиды.

**Витрина** – көбінесе бір немесе бірнеше жағынан шынымен қапталған қорап түріндегі экспозициялық жабдық элементі. Конструкциясы жағынан көлденең, тік, үстелүсті, аспалы және т.б. болады. Орналастырылған материалдармен бірге мұражай заттарын сақтау, келушілердің оларды жақсы қабылдауы сияқты міндеттерді шешуге арналған бірыңғай кешенді құрады.

**Көрме** – уақытша сипатқа ие немесе үнемі ауысып тұратын экспонаттар құрамы бар экспозиция. Мұражайда да, оның сыртында да орналастырылуы мүмкін. Стационарлық және жылжымалы болады.

**Жаңа түсімдер көрмесі** – шамамен таяу арада жиналған мұражай топтамалары негізінде дайындалатын мұражай көрмесінің дәстүрлі түрі.

**Қор көрмесі** – мұражай көрмесінің түрі, оның негізін мұражайдың қойма үй-жайында сақталатын, тұрақты көруге шығарылмайтын материалдар құрайды.

**Гербарийлер** – арнайы жиналған және кептірілген өсімдіктер топтамасы, түрлерінің атауы, жиналған орны мен күні көрсетіле отырып, тығыз қағаз параққа монтаждалады.

**Глиптотека** – тастар топтамасы.

**Голограмма** – жарыққа сезімтал пластинаға немесе үлдірге жазылған заттың көлемді бейнесі. Жарықтың әсерімен жүргізіледі. Нақты зат тұрғандай әсер береді.

**Мемлекеттік мұражайлар** – мемлекет меншігі болып табылатын және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мұражайлар.

**Сый** – мұражайға өтеусіз, сыйға берілген зат немесе топтама. Сыйға тарту фактісі арнайы актімен тіркеледі.

**Даталау** – мұражай затын атрибуциялаудың ең маңызды элементтерінің бірі. Заттың жасалған уақытын, оның қолданылуын айқындау болып табылады.

**Бөлшектеу** – экспозицияны, көрмені бөлшектеу.

**Диорама** – қалыпты шамадағы көлемді пішінде немесе кішірейтілген түрде орындалған кескіндеме аясын және алдыңғы жоспарды қамтитын экспозициялық кешен. Әдетте, экспозициялық өнер туындысы болып табылады және қандай да бір объект туралы эмоциялық әсер қалдыру үшін және анағұрлым көрнекілендіру үшін қолданылады. **Мұражай құжаттамасы** – мектеп мұражайының негізгі құжаттарына: паспортты, нөмірлік куәлікті, есепке алу құжаттарын (түсімдер кітабы, актілер, картотекалар), жұмыс жоспарларын, пікірлер кітабын жатқызуға болады.

**Құжаттандыру** – мұражай желісіндегі өз бейіні мен мәртебесіне сәйкес мұражай зерделейтін мұражай заттары мен тарихи, әлеуметтік немесе табиғи процестер мен құбылыстар туралы өзге ақпарат көмегімен мұражай жинақтарын мақсатты түрде бейнелеуді болжайтын мұражайдың әлеуметтік функцияларының бірі. Қорларды жинақтау бойынша іздестіру-жинау жұмыстары, ғылыми-қор немесе экспозициялық-көрме жұмыстары процесінде іске асырылады.

**Дублет** – бірдей мұражай заттарының қатары. Дублетті заттар тобы ауыстырылатын қорды құрайды.

**Есепке алу бірлігі** – есепке алу құжаттарында бір нөмірмен тіркелген зат немесе заттар тобы (топтама).

**Зал** – мұражай материалдарын, экспозицияларын орналастыруға арналған үй-жайдың (бөлменің) жалпыланған атауы. Мақсатына қарай әртүрлі залдар болады. Кіріспе залы барлық экспозиция тақырыбын жалпы түрде көрсетеді, келушіні толық қабылдауға дайындайды, ерекше эмоциялық көңіл-күй береді. Мемориалдық зал қандай да бір адам немесе оқиға туралы естелікке арналған. Көрме залы мұражай көрмелерін орналастыруға арналған.

**Түгендеу карточкасы** – мектеп мұражайының негізгі қорын қосалқы есепке алу нысаны. Әрбір мұражай затына арналып толтырылады. Әртүрлі картотекалар жасау үшін негіз болып табылады.

**Түгендеу нөмірі** – түсімдер кітабындағы (түгендеу кітабындағы) мұражай затын есепке алудың реттік нөмірі, заттың өзіне қойылады және есепке алынуды белгілеудің бір бөлігін құрайды (мұражай затының шифры).

**Инсталляция** – кеңістіктегі ғимарат, түрлі элементтердің қосындысынан тұратын объект (композиция) түріндегі мұражай өнерінің туындысы. Соңғы уақытта көрме қызметінде жиі қолданылады.

**Ақпараттылық** – мұражай затының жалпы ерекшеліктерінің бірі, оның ақпарат көзі ретінде қолданылу мүмкіндігі.

**Мұражайлық деректану** – барлық мұражай дереккөздерінің түрін: заттай, жазбаша, бейнелік және т.б. жан-жақты зерделеу.

**Түсімдер көзі** – өздеріне тиесілі немесе өздері тауып алған (мысалы, экспедиция) мұражайлық маңызы бар заттарды мұражайға табыс еткен адам, ұйым немесе мекеме.

**Мұражай картотекасы** – мұражайлық сипаттағы мәліметтерді қамтитын, белгілі бір тәртіппен жүйеге келтірілген карточкалар тобы. Картотекалар жүйелі, тақырыптық, атаулы, хронологиялық, географиялық және т.б. болуы мүмкін.

**Мұражай каталогы** – белгілі бір тәртіппен құрылған мұражай заттарының тізбесі.

**Таңба** – көбінесе өндіру процесінде затқа механикалық тәсілмен қойылған ресми біріздендірілген белгі. Затты дайындау орнын және уақытын (қалалық фабрикалық таңбалар), кімге тиесілі екенін (шебердің, автордың немесе иесінің таңбасы), материалын (сынама шеберлерінің таңбасы) айқындауға мүмкіндік береді.

**Пікірлер кітабы** – мұражайға келушілер өз әсерлерін (пікірлерін) жазып қалдыратын дәптер, журнал. Қоғам пікірін зерделеуге және түпкілікті нәтижесінде мұражай жұмысын жақсартуға көмектеседі.

**Негізгі қор түсімінің кітабы (Басты түгендеу кітабы)** – мұражай заттарын есепке алудың (тіркеудің) негізгі заңды құжаты. Кітап парақтары тігіледі, нөмірленеді және жоғары тұрған ұйымның мөрімен бекітіледі. Мұражай құндылықтарын есепке алу және сақтау жөніндегі нұсқаулықта белгіленген нысан бойынша кітапқа жазба жазылады. Мектеп мұражайларының күнделікті практикасында түсімдер кітабына негізгі және сондай-ақ ғылыми-көмекші қор заттары да енгізілуі мүмкін.

**Мұражай топтамасы** – негізгі қор құрамында біртұтас ғылыми қызығушылық туындататын мұражай заттарының жиынтығы. Топтама заттары тақырыптық қағидаты, жасалу немесе

қолданылу ортақтығы, нақты бір адамға тиесілілігі және т.б. бойынша бір немесе бірнеше белгілер негізінде топтастырылады.

**Өлкетану бөлмесі (зал, бұрыш)** – белгілі бір тақырыпта өлкетану сипатындағы материалдар орналастырылған бөлме немесе оның бір бөлігі.

**Мұражай қарым-қатынасы** – мұражайдың келушілермен алуан түрлі араласу процесі.

**Мұражай қорларын жиынтықтау** – мұражай қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Мұражай жинағын толтыру үшін мұражайлық маңызы бар заттарды мақсатты және жүйелі түрде анықтау және жинау болып табылады. Мұражай бейіні мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**Мұражай заттарын консервациялау** – мұражай заттарының мұражайда қолданылуын барынша қамтамасыз ететін түрде сақталуын қамтамасыз ету. Заттың одан әрі бұзылуын және табиғи тозуын, оның деформациялануын және күтпеген өзгеруін анықтауды және уақтылы жоюды болжайды.

**Мұражай тұжырымдамасы** – қандай да бір мұражайдың мәнін, негізгі идеясын ауызша білдіру. Тұжырымдамаға мұражай ұйымдастырушылары айқындайтын проблемалар, тақырыптар, міндеттер шеңбері кіреді.

**Көшірме** – заттың ерекше белгілерімен бірге оны дәлме-дәл қайталап жасау, түпнұсқаға қарама-қарсы. Түпнұсқаны барынша сақтап қалу мақсатында экспозицияда, көрмеде қолдану үшін жасалады. Ғылыми-көмекші қорға жатады.

**Мұражай қызметінің өлкетану қағидаты** – мұражайдың жергілікті табиғатпен және тарихи-мәдени мұралармен белсенді өзара іс-қимылымен байланысты мұражай қызметін ұйымдастырудың негіз қалаушы қағидаты.

**Мәдени-білім беру қызметі** – мұражайдың өз ішінде және одан тыс жерлерде мұражай аудиториясымен тікелей байланыста жүзеге асырылатын қызмет бағытының бірі. Мәдени-білім беру қызметі мұражай педагогикасымен тығыз байланысты.

**Зат жөніндегі аңыз** – заттың бұрынғы иесінен немесе өзге тәсілмен алынған деректер негізінде жасалған зат сипаттамасы (ол жөніндегі әңгіме). Зат тарихы – оның дайындалған уақыты мен орны, бұрынғы тиесілілігі, оның қолданылған ортасы, пайдаланылуы, мемориалдық маңызы туралы мәліметтерді қамтиды. Зат жөніндегі аңыз түрлі дереккөздерді қолдана отырып, мұқият тексеру негізінде жасалады.

**Макет** – экспонаттау үшін қажетті масштабта орындалған мұражай затының, объектінің сыртқы түрін көлемді етіп шығару.

**Фабрикалық марка** – заттың өндірілген орнын білдіретін белгі. Таңбадан айырмашылығы дайындалғаннан кейін қойылады.

**Экскурсиялық бағдар** – мұражайдағы экскурсия, сабақ уақытында топ жүретін жол. Оның таңдауы жүретін жолда орналасқан экспозициялардың орналасуына, көрсету объектілеріне, тақырыпқа, уақытқа, топ сипатына және өзге де факторларға негізделген.

**Халықаралық мұражай күні** – әлем мұражайлары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі, Халықаралық мұражайлар кеңесінің (ИКОМ) XII Бас ассамблеясының шешімі бойынша 1978 жылдан бастап жыл сайын 18 мамырда атап өтіледі.

**Халықаралық мұражайлар кеңесі (ИКОМ)** – халықаралық мұражайлар ынтымақтастығына жәрдемдесуге арналған дүниежүзілік үкіметтік емес ұйым. 1946 жылы Парижде құрылған. Оның негізгі құрылымы ұлттық комитеттер болып табылады. Басқарушы органы – Бас ассамблея. Жоғары ұсыным беруші органы – Бас конференция. Атқарушы комитеті мен Хатшылығы бар. Ұйым құрамында халықаралық мұражайлық салалық комитеттер мен түрлі бейіндегі және типтегі мұражай өкілдерін біріктіретін қауымдастық бар. Ресей (КСРО құрамында) ИКОМ-ға 1957 жылы кірді.

**Мемориалдылық** – тарихи оқиға, адам туралы естелікпен байланысты заттың қасиеті. Мемориалды заттың құндылығы бірінші кезекте, заттың атрибутивтік қасиетімен емес, пайда болу, қолданылу тарихымен айқындалады. Мемориалды мұражай – әйгілі оқиға, адам туралы естелік үшін жасалған, тарихи ғимараттағы, үй-жайдағы естелік орындарында орналасқан мұражай.

**Модель** – 1. Ғылымда немесе техникада модель ретінде пайдаланылған зат. Мұражайға түскеннен кейін мұражай затының мәртебесіне және сапасына ие болады. 2. Өзге заттың, тетіктің немесе жүйенің орнына көрсету үшін жасалатын объектіні көлемді етіп қайталап шығару.

**Мұражайтану (мұражай білімі)** – әлеуметтік-мәдени феномен ретінде мұражайдың пайда болу және даму заңдылығын және түрлі тарихи, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайлардағы оның әлеуметтік функцияларының іске асырылу жолдарын зерделейтін ғылыми пән. Мұражай ісінің теориясын, тарихын және әдістемесін, мұражай дереккөздерін тануды, мұражай білімін, мұражай педагогикасын және т.б. қамтиды. Жалпы ғылыми әдістерді және бейінді пәндер әдісін қамтиды. Мұражай ісі практикасының

теориялық және ғылыми-әдістемелік негіздерін жасайды, оның тарихи тәжірибесін қорытындылайды.

**Мұражай** – адам қызметі мен табиғат объектілерінің заттай нәтижелерін өзінің ерекше құралдарымен зерттеуді, жиынтықтауды, есепке алуды, сақтауды және танымал етуді қамтамасыз ететін ұйым. Кез келген мұражай негізінде мұражай заттары және олардың көмегімен жасалған экспозиция болады. Мұражай тарихи-мәдени және табиғи мұраларды зерделеуде және игеруде тұлға мүдделерін қанағаттандыруға арналған. Мұражайды адам өміріндегі маңызы мен рөліне қарай әлеуметтік естелік институты деп атайды. Мұражайлар қызмет ауқымы (орталық, республикалық, облыстық, аудандық және т.б.), мақсаты (оқу, балалар), ведомстволық бағыныстылығы (мектеп, зауыт), бейіні, жиналған құрамы бойынша ерекшеленеді.

**Мұражай және балалар** – мұражайлардың балалармен өзара қарым-қатынас жүйесі. Балалар мұражайда балалардың жас ерекшелік және психологиялық ерекшеліктерін ескеретін, өзіндік, ерекше тәсілді талап ететін келушілердің жеке санаты ретінде қабылдана бермейді.

**Мұражай педагогикасы** – салыстырмалы түрде жаңа ғылыми пән, мұражайды ашық білім беру жүйесі ретінде қарайды.

**Мұражай ісі** – мұражайлардың тарихи-мәдени және табиғи мұраларды жинақтауын, есепке алуын, сақтауын, зерделеуін және пайдалануын қамтитын ерекше мәдениет саласы. Мұражай саясатын (мұражай заңдылығы, мұражайларды басқаруды ұйымдастыру), мұражайтануды, мұражай практикасын (қор, экспозиция, мәдени-білім беру қызметі) біріктіреді.

**Мұражай заты** – қолданылған ортасынан алынған және мұражайда бастапқы есепке алудан өткен тарих пен мәдениет ескерткіші немесе табиғат объектісі.

**Мұражай білімі** – мұражайтану саласы, міндеті мұражайларды, олардың экспозицияларын және топтамаларын сипаттау, мұражай жинақтары туралы ақпаратты жинау және тарату, мұражайлардың атын шығару және жарнамалау болып табылады.

**Муляж** – заттың нысанын, көлемі мен түсін дәл беретін мұражай затының сыртқы түрін көлемді етіп жасау.

**Ғылыми-көмекші материалдар** – экспозицияда мұражай заттарын толықтыруға арналған көрнекі материалдар (карталар, схемалар, кестелер, жоспарлар, графиктер және т.б.).

**Мұражайдағы ғылыми-зерттеу жұмысы** – мұражайдың ғылыми-зерттеу институты ретінде жұмыс істеуімен байланысты мұражай қызметінің бағыты. Мұражай топтамаларын игеру негізінде



жаңа білім алу болып табылады. Бейінді пәндер бойынша зерттеулер мен мұражайтану зерттеулерін қамтиды.

**Ғылыми-анықтамалық аппарат** – мұражай жинақтарының құрамы мен мазмұнын ашатын және мұражай қызметінің барлық бағыты бойынша ақпараттық-анықтамалық жұмысты жүргізуді қамтамасыз ететін анықтамалық-ізвестіру құралдарының жүйесі.

**Экспозициялық бейне** – түрлі көркем-сәулет құралдарын, тәсілдерін пайдалана отырып, мұражай экспозициясының тақырыбын, идеясын жандандыру.

**Қоғамдық мұражайлар** – ұйымдар жанындағы қоғамдық бастамалар, оның ішінде оқыту бастамаларында құрылған мұражайлар.

**Ашық сақтау** – қор сақтау үй-жайларында ұйымдастырылатын мұражай қорын сақтау және пайдалану тәсілдерінің бірі. Келушілердің оқу, білім беру-тәрбиелеу немесе өзге мақсаттарда ұйымдастырылған қолжетімділік мүмкіндігін болжайды.

**Ескерткіш** – өз дәуірінің тарихы мен мәдениетін бейнелейтін адам қызметінің заттай нәтижесі немесе құнды табиғат объектісі (табиғат ескерткіші).

**Мектеп мұражайының паспорты** – мұражайдың негізгі құжаты, мұнда оның негізгі сипаттамалары: атауы, бейіні, ашылған күні, үй-жайы, экспозициясы, қор құрамы және т.б. туралы мәліметтері қысқаша аталып өтеді.

**Ғылыми паспорттандыру** – мұражай затын зерделеу нәтижелерін мұражай затының ғылыми паспортында тіркеу.

**Мектеп мұражайларын паспорттандыру** – мектеп мұражайларын ресми тіркеу.

**Педагогикалық мұражайлар** – тарих пен білім берудің қазіргі ахуалын зерделейтін мұражайлар.

**Пинакотека** – көркем өнер туындыларының қоймасы, картина галереясы.

**Жазбаша дереккөздер** – хат белгілері арқылы ақпарат тіркелген тарихи дереккөздер түрі. Әртүрлі белгілері бойынша: жасалған тәсілі (жазбаша, баспа және т.б.), мазмұны, шыққан жері, күні бойынша жіктеледі.

**Мұражай жұмысының жоспары** – мұражайдың әртүрлі қызметі көрініс табатын (ізвестіру-зерттеу, есепке алу-сақтау, экспозициялық, жаппай экскурсиялық, оқыту-білім беру және т.б.) негізгі мұражай құжаттарының бірі.

**Экспозиция алаңы** – мұражай экспозициясы орналасатын үй-жай алаңы (шаршы метрмен есептеледі).

**Подиум** – экспозициялық жабдық элементі, экспонаттарды орналастыру және көрсетуге арналған сөре немесе биікке орнататын зат.

**Түпнұсқа** – көшірмесі, қолдан жасалғаны болып табылмайтын нақты түпнұсқалы зат.

**Далалық құжаттама** – мұражайлық маңызы бар заттарды және олардың қолданылу ортасын есепке алу және сипаттау құжаттарының тобы. Мұражай қорларын жиынтықтау бойынша жорықтарда, экспедицияларда және іссапарларда қолданылады. Мұражай затын ғылыми сипаттаудың дереккөзі болып табылады.

**Мектеп мұражайы туралы ереже** – мектеп мұражайын ұйымдастырудың және оның қызметінің негізгі қағидаларын белгілейтін нормативтік акт. Алғаш рет Мектеп мұражайы туралы ереже 1974 жылы бекітілді.

**Мұражай мерекесі** – мұражайдың мәдени-ағарту және білім беру қызметінің кешенді нысаны.

**Мұражайлық маңызы бар зат** – мұражайлық құндылығы бар, бірақ мұражай жинағының құрамына кірмейтін мұражай қорын жиынтықтау барысында анықталған зат.

**Мұражай бейіні** – мұражайларды жіктеу санаты, мұражайдың нақты ғылыммен, техникамен, өндіріспен, сондай-ақ олардың салалармен және пәндермен байланысына негізделген мұражайдың экспозициясы мен қызмет жинағының мамандануы.

**Мұражай психологиясы** – қолданбалы психология саласы.

**Мұражайлық жолсілтеме** – мұражай, оның экспозициясы, анағұрлым қызықты экспонаттар туралы негізгі мәліметтерді қамтитын жарнамалық-анықтамалық басылым.

**Экспозиция бөлігі (бөлімі)** – экспозицияның ірі құрылымдық элементі. Қандай да бір тақырыпты, идеяны ашу үшін мұражайды ұйымдастыру процесінде жасалады.

**Раритет** – сирек кездесетін зат, құндылығы бірінші кезекте оның бірегейлігімен айқындалады.

**Сақтау режимі** – мұражай заттарын сақтау шарттары, температурамен, ылғалдылықпен, жарықтылықпен, ластанумен және т.б. сипатталады.

**Мұражай жарнамасы** – мұражайды, оның қызметінің түрлі аспектілерін насихаттауға бағытталған іс-шаралар кешені. Бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуетті келушілерді хабардар етудің арнайы көмегімен (мұражай афишалары, буклеттер, визиттік карточкалар және т.б.) жүзеге асырылады.

**Реконструкция** – ғылыми деректер негізінде сақталмаған немесе ішінара сақталған объектіні қайта жасау.

**Жәдігер** – ерекше құрмет тұтылатын мұражай заты, оның құндылығы маңызды тарихи оқиғаға (әскери жылдар жәдігерлері), атақты адамға, естелікті орынға қатысты тиесілілігімен айқындалады.

**Мұражай затының репрезентативтілігі** – заттың қандай да бір мәліметтерді бере алу, затқа тиісті мұражайға келушілердің сезімі мен көңіл-күйіне әсер ету қабілетімен байланысты ақпаратты бере алу қасиеті, қабілеті.

**Мұражай заттарын реставрациялау** – мұражай заттарын экспозицияға, мұражай ортасына барынша тиімді қосу үшін оларды қажетті түрде сақтауға, қайта жасауға бағытталған іс-шаралар кешені.

**Реэкспозиция** – барлық мұражай экспозициясын немесе оның бір бөлігін ауыстыру.

**Мұражай желісі** – белгілі бір аумақта жұмыс істейтін мұражайлардың тарихи қалыптасқан жиынтығы.

**Жасырын жоспар** – тікелей көру үшін қойылмаған, турниктерде, жылжымалы стендтерде жасырылған экспозициялық материалдардың бір бөлігі.

**Мұражай жинағы** – мұражай заттарының, мұрағаттық және кітапханалық қорлардың, ғылыми-көмекші материалдардың ғылыми ұйымдастырылған жиынтығы.

**Мұражай (мектеп) кеңесі** – мұражай активтерінен тұратын оқушылар мен педагогтер тобы, мұражай кеңесін ұйымдастыру және оның қызметі жөніндегі практикалық жұмысты жүзеге асырады.

**Қолданылатын ортасы** – заттың мұражай жинағына қосылғанға дейін қолданылған тарихи немесе табиғи ортасының бір бөлігі.

**Стенд** – экспозициялық жабдықтың дәстүрлі элементтерінің бірі.

**Экспозиция сценарийі** – мұражай құжаты, экспозициялық ойды егжей-тегжейлі бөлшектейтін (толық сипаттайтын) өзіндік әдеби туынды.

**Таксидермия** – жануарлар терісін арнайы өңдеу әдістері (түсіру, препараттау, өңдеу) мен олардан жануарлар мүсінін дайындау әдістерінің жиынтығы.

**Экспозициядағы мәтін** – тақырыптар мен бөлімдер мазмұнының, андатпалардың, заттаңбалардың, сілтемелердің және т.б. толық жиынтығы ретінде пайдаланылады.

**Тақырыптық-экспозициялық жоспар (ТЭЖ)** – экспозициялық материалдардың құрамын, экспозиция жасау үшін олардың топтастырылуын бейнелейтін құжат.

**Қалыпты зат** – белгілі бір тарихи дәуірге, мәдениет саласына жататын өзі қатарлы мұражай заттарының бірі.

**Турникет** – экспозициялық жабдық элементі, шарнирлерге бекітілген ауыспалы қатты парақтары бар үлкен форматты кітапты еске салады. Жалпақ материалдарды – құжаттарды, қолжазбаларды, фотосуреттерді және т.б. экспонаттауға арналған.

**Экскурсия сабақ** – мектеп мұражайына тән жұмыс нысаны – мұражай экспозициясын немесе мұражай материалдарын пайдалана отырып, оқу сабақтарын өткізу.

**Есепке алу карточкасы** – мектеп мұражайының паспортына қосымша парақ, мұнда мектеп мұражайы туралы қысқаша негізгі мәліметтер беріледі. Бірыңғай тіркеу нөмірі болады.

**Қор жұмысы** – мұражай заттарын зерделеу, есепке алу, сақтау бойынша іс-шаралар кешені.

**Қор сақтайтын үй-жай** – мұражай қорын сақтауға арналған арнайы үй-жай.

**Мұражай қоры** – нұсқаулыққа сәйкес мұражайға тұрақты сақталуға келіп түскен барлық материалдардың жиынтығы.

**Мұражай қорларын сақтау** – мұражай заттарының толық сақталуы үшін жағдай жасауға, оларды бұзылудан, бүлінуден және ұрланудан сақтауға, оңтайлы сақтау жүйесін жасауға негізделген қор жұмысының негізгі бағыттарының бірі.

**Экспозицияны көркем жоспарлау** – экспозицияның мазмұнын бара-бар бейнелейтін, көркем бейнені жасаумен байланысты мұражай экспозициясын жоспарлаудың құрамдас бөлігі.

**Шифр** – мұражай затының шартты белгісі. Мұражайдың қысқартылған атауын және түсімдер кітабы бойынша заттың реттік нөмірін қамтиды.

**Мектеп мұражайы** – мектептегі өлкетану, мұражай-педагогика жұмысының орталығы, оның негізгі белгілері: мұражай жиналысы, экспозиция және мұражай активі болып табылады.

**Мұражай экскурсиясы** – алдын ала белгіленген тақырып және арнайы бағдар бойынша экскурсия жүргізушінің басшылығымен мұражай көрсетілімдерінің объектісін ұжыммен қарауға негізделген мұражайдың мәдени-білім беру қызметінің нысаны.

**Шолу экскурсиясы** – мұражай және оның экспозициясы туралы жалпы түсінік берілетін экскурсия. Таныстыру, үстіртін сипатқа ие, осыған байланысты мұражай ісінің кейбір мамандары осы типтес экскурсияға қарсы.

**Экскурсия жүргізуші** – мұражайда экскурсия жүргізуге мамандандырылатын мұражай қызметкері (кеңес, актив, мектеп мұражайы мүшесі).

**Мұражай экспедициясы** – қор жиынтықтау бөлігіндегі мұражай жұмысының негізгі нысандарының бірі.

**Экспозициялық жұмыс** – мұражай қызметінің негізгі бағыттарының бірі, негізгі мазмұны экспозицияларды ұйымдастыру және жобалау болып табылады.

**Экспозициялық кешен** – мазмұны жағынан біріктірілген экспонаттар тобын қамтитын және толық эмоциялық бейне қалыптастыру үшін толық композиция құратын құрылымдық экспозиция бірлігі.

**Экспозициялық белдеу** – көру үшін анағұрлым ыңғайлы экспозициялық үй-жай қабырғасының бір жағы (сондай-ақ кез келген тік жазықтық – стенд, витрина).

**Ансамбльдік экспозиция** – мұражай экспозициясы, тарихи оқиғамен, нақты адамның немесе топтың өмірімен немесе қызметімен байланысты нақты ахуал сақталады немесе жасалады.

**Монографиялық экспозиция** – бір адамның, ұжымның қызметіне арналған, шағын бір проблеманы, тақырыпты (мектеп, кәсіпорын тарихын және т.б.) ашатын мұражай экспозициясы.

**Мұражай экспозициясы** – көру үшін қойылған мұражай жинағының бір бөлігі.

**Экспонат** – көру үшін қойылған зат. Экспозицияның бастапқы құрылымдық элементі болып табылады.

**Экспонент** – өзіне тиесілі материалдарды мұражайға экспонаттау үшін ұсынатын адам немесе мекеме.

**Этикетка** – әдетте, жеке экспонатқа қатысты аңдатпаны қамтитын экспозиция мәтіні.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Музей в школе. Практикум: сб.ст. М.: Современные технологии в образовании и культуре – 3-е изд. – М.: Наука, 2006.- 64 с.
2. Персин А. И. Краеведение и школьные музеи. История, теория, практика М.: ФЦДЮТиК, - 2010. - 112 с.
3. Решетников Н. И. Школьный музей и комплектование его собрания: учеб.-метод. пособие. М.: ФЦДЮТиК, 2005. – 104 с.
4. Школьный музей: метод. пособие в помощь организаторам школ. музейев, методистам, педагогам дополн. образования – 3-е изд. – М.: Наука, – 2013.- 76 с.
5. Аборнева В.И. Программа музейно-педагогической деятельности «Истоки» // Внешкольник. - 2011. - № 6. - С. 49-54.
6. Багулина Т.Н. О роли личности педагога в музейной педагогике // Воспитание школьников.- 2011. - № 6. - С. 43-48.
7. Баркова Ю.С. Российско-мексиканская юношеская исследовательская экспедиция прошла успешно// Народное образование. - Нижний Тагил. - 2012. - № 3. - С. 197-199.
8. Баташова Т.Н. Музейная педагогика и формирование экологического мировоззрения детей// Внешкольник. - 2011.- № 3. с. 49-51.
9. Белянкова Н.М. Возможности музейной педагогики в организации исследовательской работы младших школьников. Национальная библиотека.// Начальная школа. - 2011. - № 9. - С. 62-64.
10. Бурцева О.Ю. Исследовательская деятельность учащихся в школе // Биология - Первое сентября. - 2012. - № 6. - С. 4-11.
11. Вакуленко Л.С. Музейная педагогика в ДОУ: новые перспективы развития // Дошкольная педагогика. - 2012. - № 8. - С. 31-35.
12. Газизова Р.Р. Музейная педагогика в детском саду // Дошкольное воспитание. - 2012. - № 6. - С. 104-105.
13. Гарькуша С.С. Здравствуй, музей! Работа с родителями по музейно-педагогической программе // Дошкольное воспитание. 2012. № 2. - С. 75-76.
14. Горбунов В.С. Этническое краеведение в системе образования. Внешкольник. - 2006. - № 12. - С. 22-23.
15. Дерябина В.А. Роль школьного исторического музея в духовно-нравственном воспитании младших школьников // Начальная школа. - 2012. - № 6. - С. 38-43.
16. Дригота В.В. Школьный музей в системе патриотического воспитания учащихся // Педагогика. - 2012. - № 8. - С. 54-60.

17. Захаркина Е.Г. В памяти народной // Игровая библиотека. - 2012. - № 2. - С. 94-109.
18. Зверева К.Е. Экспонаты краеведческих музеев как основа историко-познавательной деятельности школьников // Преподавание истории и обществознания в школе. - 2012. - № 6. - С. 20-30.
19. Ищенко О.С. Музей в учреждении дополнительного образования // Внешкольник. - 2011. - № 6. - С. 41-44.
20. Казурова О.А. Роль школьного музея в развитии личности ребенка // Воспитание школьников. - 2012. - № 3. - С. 40-44.
21. Качан Л. М. Музейная педагогика. Голландский опыт // Мир музея. - 2011. - № 8. - С. 32-34.
22. Козлова Л. Л. А существует ли школьная музейная педагогика // Музей. - 2012. - № 6. - С. 56-59.
23. Метелева Л.В. Музей декоративно-прикладного и народного искусства ГОУ ЦО № 504 «Полюс» // Внешкольник. - 2011. - № 6. с. 45-48.
24. Михайловская Л. Г. Экскурсовод или переводчик? // Музей. - 2012. - № 2. - С. 56-59.
25. Неретина Л. Л. Музейная педагогика в этнокультурном развитии // Искусство в школе. - 2012. - № 1. - С. 46-47.
26. Протасова Л. Е. Педагогика пространства: зарубежный опыт // Обруч: образование, ребенок, ученик. - 2012. - № 2. - С. 34-35.
27. Самарина М.И. Улицы героев // Читаем, учимся, играем. - 2012. - № 2. - С. 43-47.
28. Телеш Е.Г. Экскурсия для учащихся 7-11 классов в музей народного деревянного зодчества Витославицы // Игровая библиотека. - 2011. - № 6. - С. 98.
29. Ушакова В.И. Воспитание гражданственности школьников средствами музейной педагогики // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. - 2011. - № 1. - С. 149-152.
30. Шевчук Н. Л. Янтарные каникулы // Мир музея. 2011. № 8. с. 17-18.
31. Шигарова Л. М. Музей безопасности // Основы безопасности жизнедеятельности. - 2011. - № 12. - с. 16-20.
32. Фомин В.П., Усагалиева Г.З., Неталиева К.Е., Кайрлиева К.Ж., Нурманов Р.Е., Гатауов Н.Х., Доскалиева Н.С. // Сборник «Эффективное развитие системы детско-юношеского туризма в Западно-Казахстанской области» (опыт ГККП «Областной центр детско-юношеского туризма и экологии управления образования акимата Западно-Казахстанской области» Орал-2015. С. 28.

33. Фролова Г.И. Школьники - исследователи окружающей среды // Экология и жизнь. - 2012. - № 4. - С. 45-47.

34. Экекелян Э.Ж. Инновации в проектно-исследовательской деятельности // Биология. - 2012. № 6. - С. 30-3.

35. Юдина Е.В. Синтез музейной и театральной работы со школьниками как фактор гражданско-патриотического воспитания: из опыта работы // Внешкольник. - 2011. № 3. с. 52-53.

36. <https://ru.wikipedia.org>

37. <https://www.tripadvisor.ru>

38. <https://www.ecolife.ru>

39. [http://dovosp.ru/j\\_dv/](http://dovosp.ru/j_dv/)

40. [www.wendemuseum.org](http://www.wendemuseum.org)

41. [www.prezidentsmuseum.kz](http://www.prezidentsmuseum.kz)

42. <https://www.mod.gov.kz>

43. <https://www.nationalmuseum.kz/index>



*«Музей занимает особое место в культурной жизни нашей страны, которая обрела суверенитет. Глубокое изучение богатой событиями истории и извлечение из ее опыта необходимых уроков – одно из главных условий формирования казахстанского патриотизма, воспитания достойных граждан Родины...»*

**Н. Назарбаев**

## **Введение**

Происходящие изменения в современном обществе требуют развития новых способов образования, педагогических технологий, нацеленных на индивидуальное развитие личности, творческую инициацию, выработку навыка самостоятельной навигации в информационном поле, формированию у детей универсального умения ставить и решать задачи для самореализации, что способствует индивидуальному, так и коллективному творчеству, предварительной профессиональной ориентации. Формирование ключевых компетентностей, к которым относится исследовательская компетенция, должно стать одним из результатов нового содержания дополнительного образования.

